

Ақмола облысы білім басқармасының
«Жұлдыз» санаторлық типтегі облыстық
орта мектеп-интернаты» КММ
басшысы

_____ Г.А. Алибаева

**«Ақмола облысы білім басқармасының «Жұлдыз» санаторлық
типтегі облыстық орта мектеп-интернаты» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің 2025–2026 оқу жылындағы қызметін
жыл сайынғы өзін-өзі бағалау қорытындысы»**

Комиссия мүшелері:

_____ Умирханова М.С.

_____ Сугирбаева Б.С.

_____ Сыздыкова М.Н.

_____ Абельдинов С.Р.

_____ Кудайбергенов Р.Т.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе

I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының толық атауы
Білім беру ұйымының орналасқан жері
Заңды тұлға туралы мәліметтер
Мектептің ерекшелігі
Білім беру процесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

II. Кадрлық әлеуетті талдау

Кадрлық әлеуеттің жалпы сипаттамасы
Педагог кадрларды аттестаттау
Педагогтердің біліктілігін арттыру

III. Білім алушылар контингентін талдау

Тоқсандар бойынша білім алушылар контингентінің қозғалысы
Сыныптар бойынша білім алушылар контингенті

IV. Оқу қызметін талдау

Оқу процесінің жалпы сипаттамасы
Жұмыс оқу жоспарының жүзеге асырылуы
Тоқсандар бойынша білім сапасын талдау
Білім сапасы мен үлгерімнің салыстырмалы талдауы
Жиынтық бағалауды өткізу нәтижелері (БЖБ, ТЖБ)
Оқу мотивациясы төмен білім алушылармен жұмыс
Дарынды және оқу мотивациясы жоғары білім алушылармен жұмыс

V. Тәрбие жұмысын талдау

Тәрбие жұмысының жалпы сипаттамасы
«Адал азамат» тәрбие бағдарламасының жүзеге асырылуы
Сынып жетекшілерінің жұмысы
Тәрбиешілердің жұмысы
Әлеуметтік-психологиялық қызметтің жұмысы
Үйірме және секциялық жұмыстар

VI. Білім сапасын басқару

Мектепшілік бақылау
Оқу бағдарламаларының орындалуына мониторинг жүргізу
Мектеп құжаттамасының жүргізілуін талдау
Оқу пәндерін оқыту сапасын бақылау

VII. Әдістемелік жұмыс

Оқу-әдістемелік жұмыс
Әдістемелік бірлестіктердің жұмысы
Әдістемелік кеңестің жұмысы
Педагогикалық кеңестердің өткізілуі

Пәндік онкүндіктердің өткізілуі

Жас педагогтермен жұмыс

VIII. Инновациялық қызмет

Жасанды интеллектті енгізу жөніндегі жұмыс тобының қызметі

Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану

Мектептің цифрлық білім беру ортасын дамыту

IX. Оқу-материалдық активтер

Ғимарат туралы мәліметтер

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету, қауіпсіздік және қолжетімді білім беру ортасын құру

Медициналық қызметтің болуы туралы мәліметтер

Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер

Ақпараттық ресурстар мен кітапхана қоры

X. Қызмет қорытындылары

2025–2026 оқу жылындағы мектептің негізгі жетістіктері

Оқу жылының қорытындылары бойынша тұжырымдар

Проблемалық мәселелер және оларды шешу жолдары

2026–2027 оқу жылына арналған міндеттер

КІРІСПЕ

Осы талдамалық есеп Ақмола облысы білім басқармасының «Жұлдыз» санаторлық типтегі облыстық орта мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025–2026 оқу жылындағы қызметінің қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» талаптарына сәйкес білім беру ұйымы қызметіне жыл сайынғы ішкі бағалау жүргізу мақсатында дайындалды.

Есепте Ақмола облысы білім басқармасының «Жұлдыз» санаторлық типтегі облыстық орта мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025–2026 оқу жылындағы қызметінің нәтижелері толық қамтылып, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, білім сапасы, әдістемелік, инновациялық және тәрбие жұмыстары, кадрлық әлеует, сондай-ақ мектепшілік басқару мен бақылаудың тиімділігіне кешенді талдау жасалды.

Есепті дайындау барысында мектеп қызметінің келесі бағыттары бойынша талдау жүргізілді:

- бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының орындалуы;
- жұмыс оқу жоспары мен үлгілік оқу бағдарламаларының жүзеге асырылуы;
- білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сақталуы;
- оқу процесінің бекітілген сабақ кестесіне сәйкес ұйымдастырылуы;
- вариативтік компоненттің, факультативтік және таңдау курстарының іске асырылуы;
- қалыптастырушы және жиынтық бағалауды ұйымдастыру және өткізу;
- білім алушылардың күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу деңгейі;
- «Тіршілік қауіпсіздігі негіздері» және «Жол қозғалысы ережелері» міндетті оқу курстарын оқыту талаптарының орындалуы;
- педагог кадрларға қойылатын біліктілік талаптарының сақталуы;
- «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы аясындағы тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы;
- цифрлық білім беру ортасын дамыту және инновациялық технологияларды енгізу;
- педагогтердің біліктілігін арттыру және кәсіби дамуын қамтамасыз ету.

Мектеп қызметіне талдау жасау білім алушылардың білім сапасын мониторингілеу нәтижелері, мектепшілік бақылау қорытындылары, жиынтық бағалау нәтижелері, әдістемелік және тәрбие жұмыстарының материалдары, әдістемелік бірлестіктердің, педагогикалық және әдістемелік кеңестердің қызметі, сондай-ақ педагогикалық ұжымның инновациялық қызметінің нәтижелері негізінде жүзеге асырылды.

Есептің негізгі мақсаты – білім беру бағдарламаларының іске асырылу тиімділігін анықтау, мектеп қызметінің Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамалары талаптарына сәйкестігін бағалау, қол жеткізілген нәтижелерді айқындау, проблемалық мәселелерді анықтау және білім беру ұйымын дамытудың 2026–2027 оқу жылына арналған перспективалық бағыттарын белгілеу болып табылады.

Ұсынылған материалдар білім беру процесінің сапасын, оқыту мен тәрбиелеудің жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін, педагогикалық ұжым қызметінің тиімділігін және 2025–2026 оқу жылына қойылған міндеттердің орындалу дәрежесін объективті бағалауға мүмкіндік береді.

I. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1. Білім беру ұйымының толық атауы

Ақмола облысы білім басқармасының «Жұлдыз» санаторлық типтегі облыстық орта мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

2. Білім беру ұйымының орналасқан жері

(заңды мекенжайы және нақты орналасқан мекенжайы)

Заңды мекенжайы: 021714, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Зеленый Бор ауылы, Сарыарқа шағын ауданы, 1Б ғимараты.

Нақты орналасқан мекенжайы: 021714, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Зеленый Бор ауылы, Сарыарқа шағын ауданы, 1Б ғимараты.

3. Заңды тұлға туралы мәлімет

Ақмола облысы білім басқармасының «Жұлдыз» санаторлық типтегі облыстық орта мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім беру қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылады. Мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, мекеме Жарғысына және қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

4. Мектептің ерекшелігі

Ақмола облысы білім басқармасының «Жұлдыз» санаторлық типтегі облыстық орта мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ерекшелігі - туберкулез инфекциясымен байланыста болған балаларды жалпы білім беретін мектеп бағдарламалары бойынша оқытуды олардың толық клиникалық сауығуына дейін жүргізілетін кешенді сауықтыру шараларымен ұштастыра отырып қамтамасыз етуінде.

Мектеп-интернат туберкулез инфекциясын жұқтырған және туберкулезбен байланыста болған балаларға медициналық оналту жұмыстарын жүргізеді. Сонымен қатар білім алушылардың жеке, жас ерекшеліктерін, физиологиялық, психологиялық және зияткерлік даму деңгейін, отбасының білім беру қажеттіліктерін, жеке қызығушылықтары мен бейімділіктерін ескере отырып, сапалы білім алуға тең мүмкіндік жасайды.

Мектептің білім беру және емдік-сауықтыру қызметі білім алушылар контингентінің тұрақты ауысу жағдайында жүзеге асырылады. Бұл білім беру ұйымының қызметін ерекше ұйымдастыруды талап етеді және әрбір білім алушыға жеке қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

5. Білім беру процесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

2025–2026 оқу жылында Ақмола облысы білім басқармасының «Жұлдыз» санаторлық типтегі облыстық орта мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім беру процесін ұйымдастыру барысында Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алды.

Мектеп өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын және басқа да нормативтік-құқықтық актілерді негізге ала отырып жұмыс жүргізді.

Білім беру процесі келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылды:

1	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031
2	«Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200008170
3	«Жалпы білім беретін ұйымдарға арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары және факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029767
4	«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы).	https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249
5	«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300032306#z6

	министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы.	
6	«Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдар мен орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020708
7	«Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029329
8	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы №596 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700016138
9	«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013272
10	«Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013317
11	«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 11 қарашадағы №559 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100025128
12	«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын және педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200007495

	қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығы.	
13	«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуге міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317
14	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарындағы педагогикалық кеңестің қызметін ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын және оны сайлау тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020292
15	«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100023890
16	«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020567
17	«Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы №12 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V15H0010279
18	«Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013420
19	«Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013085

20	«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017553
21	«Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №18 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013067
22	«Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы, олардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері, сондай-ақ оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы ақшалай сыйақымен көтермеленеді» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №333 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200028915
23	«Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалардың, ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1100007355
24	«Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусымдағы №292 бұйрығы.	https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37431780
25	«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің терроризм тұрғысынан осал объектілерін және білім беру мен ғылым саласында қызметін жүзеге асыратын терроризм тұрғысынан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200027414

	министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығы.	
26	«Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618/compare
27	«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026513/compare
28	«Педагогтің жұмыс уақыты мен тынығу уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі №153 бұйрығы	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020449#z0
29	«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексі).	https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1100000518
30	«Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия қызметі туралы үлгілік ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы №789 қаулысы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/P010000789
31	«Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы №748 қаулысы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000748
32	«Білім беру ұйымдарына және олардың аумағына алып кіруге тыйым салынған, пайдаланылуы шектелген заттар мен бұйымдардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы №235 бұйрығы.	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022857

Ақмола облысы білім басқармасының «Жұлдыз» санаторлық типтегі облыстық орта мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2012 жылы құрылған. Мектеп ғимараты бейімделген типтегі ғимарат болып табылады.

Құрылыс алаңы – 8032,9 м²;

Пайдалы алаңы – 9876,6 м²;

Жобалық қуаттылығы – 150 оқушы орны.

Мектепте оқу үдерісі екі ауысымда ұйымдастырылған. Оқыту тілдері – қазақ және орыс тілдері.

Мектепте барлығы 17 сынып-жиынтық жұмыс істейді, оның ішінде:

қазақ тілінде оқытылатын – 8 сынып;

орыс тілінде оқытылатын – 9 сынып.

Мектеп кешені 1 ғимараттан тұрады, ғимараттың қабаттылығы – 3 қабат.

Жылумен қамтамасыз ету жүйесі – автономды, сумен жабдықтау жүйесі – орталықтандырылған.

I. КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ТАЛДАУ

6. Кадрлық әлеуеттің жалпы сипаттамасы

2025–2026 оқу жылында Ақмола облысы білім басқармасының «Жұлдыз» санаторлық типтегі облыстық орта мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кадрлық әлеуеті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын іске асыруды, жұмыс оқу жоспарының орындалуын және білім алушылардың жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуін қамтамасыз етті.

Білім беру үдерісін тиісті білімі, кәсіби даярлығы және педагогикалық қызмет тәжірибесі бар білікті педагог кадрлар жүзеге асырды. Кадрлық құрамды талдау педагогикалық ұжымның тұрақтылығын, қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігінің жеткілікті деңгейін және педагогтердің кәсіби дамуы мен біліктілігін арттыруына қажетті жағдайлардың жасалғанын көрсетеді.

2025–2026 оқу жылының соңындағы жағдай бойынша мектепте **56 педагог қызметкер** педагогикалық қызмет атқарды. Оның ішінде пән мұғалімдері, бастауыш сынып мұғалімдері, тәрбиешілер, қосымша білім беру педагогтері, әлеуметтік-психологиялық қызмет мамандары және мектеп әкімшілігі бар.

Педагог кадрлардың сапалық құрамы білім деңгейімен, еңбек өтілімен және біліктілік санаттарымен сипатталады. Педагогтердің басым бөлігі жоғары білімді мамандар болып табылады және олардың кәсіби қызметі білім беру сапасын арттыруға, оқушылардың білім жетістіктерін жақсартуға және мектептің даму міндеттерін тиімді жүзеге асыруға бағытталған.

Педагог кадрлардың біліктілік санаттары бойынша сапалық құрамы

Бұл бөлімде педагогтердің санаттары бойынша нақты мәліметтер кесте түрінде беріледі.

Біліктілік санаты	Педагогтердің саны
Педагог	22
Педагог-модератор	18
Педагог-сарапшы	3
Педагог-зерттеуші	2
Санатсыз	5
Өзге санаттағы педагогтер және басшы қызметкерлер	6
Барлығы	56

Педагогтердің біліктілік құрамын талдау олардың едәуір бөлігінің «Педагог-модератор», «Педагог-сарапшы» және «Педагог-зерттеуші» біліктілік санаттарына ие екенін көрсетті. Бұл педагог кадрлардың кәсіби

шеберлігін жүйелі түрде арттыру және аттестаттаудан өту бағытындағы жұмыстардың тиімді жүргізіліп жатқанын айғақтайды.

Педагогтердің білім деңгейі бойынша сапалық құрамы.

Білім деңгейі	Мінездемесі
Жоғары білім	Педагогикалық кадрлардың басым бөлігі
Техникалық және кәсіптік (арнаулы орта) білім	Тәрбиешілер мен педагог қызметкерлердің жекелеген санаттары
Магистратура	Педагогикалық ұжым құрамында магистр дәрежесіне ие педагогтер қызмет атқарады.

Педагог қызметкерлердің білімі олардың оқытатын пәндеріне және атқаратын лауазымдарына сәйкес келеді. Бұл орта білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына толық сай келеді.

Оқу жылы барысында мектептің кадрлық әлеуетін дамыту бағытында жүйелі және мақсатты жұмыстар жүргізілді:

- педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету ұйымдастырылды;
- біліктілікті арттыру курстарынан өту қамтамасыз етілді;
- педагог қызметкерлерді аттестаттау жұмыстары жүргізілді;
- жас мамандарға тәлімгерлік көмек көрсетілді;
- әдістемелік бірлестіктер мен әдістемелік кеңестің жұмысы ұйымдастырылды;
- ашық сабақтар, шеберлік сыныптары және түрлі әдістемелік іс-шаралар өткізілді;
- заманауи цифрлық білім беру технологиялары мен жасанды интеллект құралдары білім беру үдерісіне енгізілді.

Жүргізілген жұмыстар педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, педагогикалық шеберлігін жетілдіруге және білім беру сапасын көтеруге ықпал етті.

Ұжымның жас ерекшелігі және кәсіби құрамы

Мектептің педагогикалық ұжымы әртүрлі жас санатындағы мамандардан құралған. Бұл педагогикалық тәжірибенің сабақтастығын сақтауға және білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуде дәстүрлі және инновациялық тәсілдерді тиімді ұштастыруға мүмкіндік береді.

Ұжым құрамында көп жылдық еңбек өтілі мен мол тәжірибесі бар білікті педагогтермен қатар жас мамандар да табысты еңбек етуде. Жас педагогтердің кәсіби бейімделуін қолдау мақсатында тәлімгерлік жүйесі ұйымдастырылып, оларға тұрақты әдістемелік және кәсіби қолдау көрсетілуде.

Педагогикалық ұжымның кәсіби және жас ерекшеліктерінің үйлесімді құрылымы мектептің тұрақты дамуына, білім беру сапасының артуына және тәрбие жұмысының тиімді жүзеге асырылуына қолайлы жағдай жасайды.

7. Педагог кадрларды аттестаттау

2025–2026 оқу жылында әдістемелік жұмыстың маңызды бағыттарының бірі педагог қызметкерлерді аттестаттау рәсімін ұйымдастыру және сүйемелдеу болды. Бұл жұмыс Қазақстан Республикасының педагогтерді аттестаттау қағидаларына сәйкес жүргізіліп, педагог кадрлардың кәсіби шеберлігін арттыруға, кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға, озық педагогикалық тәжірибені таратуға және үздіксіз кәсіби өсуін ынталандыруға бағытталды.

Оқу жылының басында педагог қызметкерлердің аттестаттаудан өту кестесі жасалып, аттестаттау материалдарын дайындау мерзімдері белгіленді. Аттестаттау комиссиясының жұмысы ұйымдастырылып, аттестаттауға қатысуға өтініш білдірген педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетілді.

Жыл бойы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, әдістемелік бірлестік жетекшілері және тәлімгерлер тарапынан педагогтердің кәсіби портфолиосын қалыптастыру, қажетті құжаттарды дайындау және педагогикалық қызмет нәтижелерін ұсыну бойынша кеңестер мен консультациялар өткізілді.

Аттестаттау үдерісі педагогтердің кәсіби жетістіктерін объективті бағалауға, олардың педагогикалық қызметінің тиімділігін арттыруға және кәсіби дамуға ынталандыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар аттестаттау нәтижелері педагогтердің біліктілік санаттарын арттыруға, кәсіби беделін нығайтуға және білім беру сапасын жақсартуға оң ықпал етті.

№	Қызметкерлердің санаттары	Саны
1	Пән мұғалімдері	10
2	Бастауыш сынып мұғалімдері	3
3	Тәрбиешілер	1
4	Әлеуметтік педагог	1
5	Қосымша білім беру педагогі	1
6	Аға тәлімгер	1
Барлығы		17

2025–2026 оқу жылында 18 педагог қызметкер аттестаттаудан өтті. Олардың қатарында бастауыш сынып мұғалімдері, математика, физика, биология, тарих, информатика, орыс тілі мен әдебиеті, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімдері, тәрбиешілер, әлеуметтік педагог, қосымша білім беру педагогі және аға тәлімгер болды.

Педагогтердің басым бөлігі «Педагог-модератор» біліктілік санатын алу немесе растау үшін аттестаттаудан өтсе, жекелеген педагогтер «Педагог-сарапшы» біліктілік санатын алуға үміткер болды.

Өтініш берілген санаттар бойынша педагог кадрларды аттестаттау Педагог кадрлардың мәлімделген біліктілік санаттары бойынша аттестатталуы

Өтініш берілген біліктілік санаты	Педагогтердің саны
Педагог	4
Педагог-модератор	10
Педагог-сарапшы	2
«Педагог-модератор» біліктілік санатын растау	1

Аттестаттауға дайындық аясында әрбір педагог үшін ашық сабақтарды, оқу және тәрбие іс-шараларын, сондай-ақ консультацияларды өткізу бойынша жеке жоспар-график әзірленді. Оқу жылы бойы мектеп әкімшілігі, әдістемелік бірлестік жетекшілері және аттестаттау комиссиясының мүшелері аттестатталатын педагогтердің оқу сабақтарына қатысып, оқыту сапасына, заманауи білім беру технологияларын қолдануына, бағалау үдерісін ұйымдастыруына және жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізу деңгейіне талдау жүргізді.

Аттестаттауды сүйемелдеу бойынша негізгі іс-шаралар

Іс-шара	Мерзімі	Нәтиже
Аттестаттауға қатысатын педагогтердің тізімін жасақтау	Тамыз–қыркүйек	Педагогтердің аттестаттаудан өту кестесі қалыптастырылды.
Педагогтердің кәсіби портфолиосын дайындау бойынша консультациялар өткізу	Жыл бойы	Педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету
Ашық сабақтар мен іс-шараларға қатысу	Жыл бойы	Кәсіби құзыреттіліктерді бағалау
Аттестатталатын педагогтердің материалдарына сараптама жүргізу	Жыл бойы	Педагогтердің аттестаттау материалдарын әзірлеу
Әдістемелік бірлестік отырыстарында нәтижелерді қарастыру	Жыл бойы	Әдістемелік қолдау көрсету
Аттестаттау бойынша қорытынды құжаттарды әзірлеу	Аттестаттау кестесі бойынша	Аттестаттау материалдарын аттестаттау комиссиясының қарауына ұсыну

Аттестаттау барысында педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін ашық сабақтар, тәрбие іс-шаралары, шеберлік сыныптары арқылы көрсетуіне және педагогикалық қызмет нәтижелерін таныстыруына ерекше назар аударылды. Аттестаттау үдерісінде пәндерді оқыту сапасы, қолданылатын оқыту әдістемелерінің тиімділігі, білім алушылардың функционалдық сауаттылығының қалыптасу деңгейі, цифрлық білім беру ресурстары мен заманауи педагогикалық технологияларды пайдалану деңгейі зерделенді.

Аттестатталатын педагогтердің ашық сабақтары мен іс-шараларын ұйымдастыру

Қызмет бағыты	Саны
Ашық сабақ	60+
Тәрбие іс-шаралары	10+
Қосымша білім беру сабақтары	5
Әлеуметтік-педагогикалық іс-шаралар	5

Консультациялар мен әдістемелік қолдау көрсету	Жыл бойы
--	----------

Педагог кадрларды аттестаттау жұмысының маңызды бағыттарының бірі аттестаттаудан алғаш рет өтетін педагогтерге әдістемелік көмек көрсету болды. Олар үшін портфолио дайындау, аналитикалық материалдарды рәсімдеу, сабақтарға өзіндік талдау жүргізу және кәсіби қызмет нәтижелерін ұсыну мәселелері бойынша жеке консультациялар ұйымдастырылды. Әдістемелік бірлестіктер педагогтерді аттестаттау рәсімінің барлық кезеңдерінде әдістемелік сүйемелдеумен қамтамасыз етті.

Жүргізілген жұмыстар педагогтердің кәсіби белсенділігін арттыруға, оқыту сапасын жетілдіруге және тиімді педагогикалық тәжірибені таратуға ықпал етті. Аттестаттау педагог кадрлардың кәсіби дамуының және мектептегі білім беру сапасын арттырудың маңызды құралына айналды.

Аттестаттау нәтижелерін талдау

2025–2026 оқу жылында мектептің 17 педагог қызметкері аттестаттаудан өтті. Педагогтердің басым бөлігі «Педагог-модератор» біліктілік санатын алуға немесе растауға өтініш берді. Бұл педагогикалық ұжымның кәсіби өсуге және педагогикалық шеберлікті жетілдіруге ұмтылысын көрсетеді.

Оқу жылы барысында мектеп әкімшілігі мен әдістемелік бірлестік жетекшілері аттестатталатын педагогтерге жүйелі әдістемелік сүйемелдеу жұмыстарын жүргізді. Оның ішінде консультациялар өткізу, ашық сабақтарға қатысу, кәсіби қызмет нәтижелерін талдау және портфолио дайындауда практикалық көмек көрсету жұмыстары ұйымдастырылды.

Ашық сабақтардың сапасына, заманауи білім беру технологияларын, цифрлық ресурстарды және жасанды интеллект элементтерін тиімді қолдануға, сондай-ақ білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға ерекше назар аударылды. Сабақтар мен іс-шараларды талдау нәтижесінде педагогтерге кәсіби қызметін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар берілді.

Аттестаттау жұмысы оқыту сапасын арттыруға, озық педагогикалық тәжірибені таратуға және педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға оң ықпал етті.

Жалпы, педагог кадрларды аттестаттау жұмысы жоғары деңгейде ұйымдастырылып, педагогтерді аттестаттау рәсімінің барлық кезеңдерінде жүйелі сүйемелдеуді қамтамасыз етті. Аттестаттау білім беру сапасын арттырудың, педагогтердің кәсіби өсуін қолдаудың және мектептің әдістемелік жұмысын жетілдірудің маңызды тетігі болды.

8. Педагогтердің біліктілігін арттыру

2025–2026 оқу жылында педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру мектептің әдістемелік жұмысының басым бағыттарының бірі болып табылды. Бұл жұмыс педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруге, заманауи

білім беру технологияларын енгізуге, оқыту сапасын арттыруға және педагог кадрлардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталды.

Жұмыс мектеп педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарынан өтуінің перспективалық жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.

Оқу жылы барысында мектеп әкімшілігі тарапынан курстық даярлықтан өту үдерісіне жүйелі мониторинг жүргізілді. Педагогтердің біліктілігін арттыруға деген қажеттіліктері зерделеніп, оқыту жұмыстары оқытылатын пәндер, біліктілік санаттары және кәсіби өсу перспективалары ескеріле отырып жоспарланды.

Педагогтердің пәндік құзыреттіліктерін арттыруға, цифрлық білім беру технологияларын меңгеруге, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға және басшы қызметкерлердің басқарушылық құзыреттіліктерін жетілдіруге ерекше назар аударылды.

Педагог қызметкерлердің бағыттар бойынша курстық даярлы

Дайындық бағыты	Педагогтердің саны
Бастауыш сынып мұғалімдері	5
Математика және физика пәні мұғалімдері	4
Тарих және география пәні мұғалімдері	5
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері	5
Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері	3
Ағылшын тілі пәні мұғалімдері	2
Жаратылыстану-ғылыми цикл пәндерінің мұғалімдері (биология, химия)	4
Информатика пәні мұғалімдері	1
Көркем еңбек және музыка пәні мұғалімдері	3
Дене шынықтыру пәні мұғалімдері	3
Басшы қызметкерлер	3

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының негізгі бағыттары

Курстардың тақырыбы	Педагогтер санаты
Пәндік құзыреттіліктерді дамыту	Пән мұғалімдері
Заманауи білім беру технологиялары	Барлық санаттағы педагогтер
Интерактивті оқыту әдістері	Тіл пәндері мен информатика мұғалімдері
Цифрлық құралдар мен сервистер	Жаратылыстану-математика бағыты пәндерінің мұғалімдері
Функционалдық сауаттылықты дамыту	Бастауыш сынып мұғалімдері және пән мұғалімдері
Инклюзивті білім беру	Көркем-эстетикалық цикл педагогтері
Білім берудегі менеджмент	Басшы және басшының орынбасарлары
Жаһандық құзыреттіліктер	«Жаһандық құзыреттіліктер» курсының педагогтері

Оқу жылы барысында мектеп педагогтері келесі ұйымдар базасында біліктілігін арттыру курстарынан өтті:

- «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы;
- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы;
- «Білім» кәсіби біліктілікті арттыру институты;
- Қазақстан Республикасы Педагогтер мен психологтер академиясы;
- «Инновациялық білім берудің зияткерлік орталығы» қоғамдық бірлестігі;
- қосымша кәсіптік білім беру саласындағы өзге де ұйымдар.

Курстар барысында алған білімдері мен тәжірибелерін педагогтер практикалық қызметінде тиімді қолданды. Атап айтқанда:

- ашық сабақтар өткізу арқылы;
- әдістемелік бірлестіктер жұмысына қатысу арқылы;
- шеберлік сыныптары мен консультациялар ұйымдастыру арқылы;
- озық педагогикалық тәжірибені тарату арқылы;
- білім беру үдерісіне заманауи білім беру технологиялары мен цифрлық құралдарды енгізу арқылы.

Алынған білімді тарату формалары

Жұмыс түрі	Нәтижесі
Әдістемелік бірлестік отырыстары	Тәжірибе алмасу
Ашық сабақтар	Оқытудағы жаңа тәсілдерді көрсету
Әдістемелік консультациялар	Әріптестерге практикалық тәжірибе тарату
Шеберлік сыныптары	Инновациялық технологияларды тарату
Сабақтарға өзара қатысу	Оқыту сапасын арттыру
Шығармашылық топтардағы жұмыс	Әдістемелік материалдар әзірлеу

Жүргізілген жұмыстар төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етті:

- педагогтердің пәндік және әдістемелік құзыреттіліктерін жетілдіруге;
- цифрлық білім беру технологияларын белсенді енгізуге;
- оқытудың және бағалаудың заманауи әдістерін қолдануға;
- білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға;
- оқу пәндерін оқыту сапасын арттыруға;
- мектеп ішінде тиімді педагогикалық тәжірибені таратуға.

Білім беруді цифрландыру, жасанды интеллект құралдарын пайдалану, білім алушылардың зерттеушілік қызметін дамыту және жаңартылған білім

беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Педагогтердің біліктілігін арттыру нәтижелерін талдау

2025–2026 оқу жылында педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жұмысы жүйелі және жоспарлы түрде жүргізілді. Курстық даярлықтың перспективалық жоспарын іске асыру педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз етіп, білім беру үдерісінің сапасын арттыруға және мектептің әдістемелік жұмысын жетілдіруге мүмкіндік берді.

Педагогтердің курстар барысында алған білімдері мен дағдылары заманауи білім беру технологияларын енгізуге, инновациялық қызметті дамытуға және білім алушылардың білім сапасын арттыруға ықпал етті.

Қорытындылар

Кадрлық әлеуетті талдау мектептің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін жеткілікті кадрлық ресурстарға ие екенін көрсетті. Кадрлық құрам Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарына қойылатын біліктілік талаптарына толық сәйкес келеді.

Педагогтердің біліктілігін арттыру, аттестаттау, тәлімгерлік және әдістемелік сүйемелдеу жүйесі олардың үздіксіз кәсіби дамуына және білім беру үдерісінің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Алдағы кезеңдегі жұмыстың негізгі бағыттары:

- «Педагог-сарапшы» және «Педагог-зерттеуші» біліктілік санаттары бар педагогтердің үлесін арттыру;
- педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін дамыту;
- жас мамандардың кәсіби қалыптасу кезеңінде оларға қолдау көрсету;
- заманауи білім беру технологиялары мен жасанды интеллект құралдарын білім беру үдерісінде тиімді пайдалану тәжірибесін кеңейту;
- педагогтердің зерттеушілік және инновациялық қызметін дамыту.

Жалпы алғанда, мектептің кадрлық әлеуеті тұрақты дамып келеді және білім беру сапасын арттыруға бағытталған міндеттерді тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

III. БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІН ТАЛДАУ

2025–2026 оқу жылында Ақмола облысы білім басқармасының «Жұлдыз» санаторлық типтегі облыстық орта мектеп-интернаты» КММ-де қазақ және орыс тілдерінде білім алатын 1–11 сынып оқушылары оқып, сауықтыру шараларынан өтті. Мектеп-интернат қызметінің ерекшелігіне байланысты оқу жылы барысында білім алушылар контингентінің қозғалысы жоғары деңгейде болды. Бұл білім алушылардың медициналық көрсетілімдерге сәйкес бір, екі, үш немесе төрт тоқсан мерзіміне сауықтыруға қабылдануымен түсіндіріледі.

9. Тоқсандар бойынша білім алушылар контингентінің қозғалысы

2025–2026 оқу жылында мектеп-интернаттағы білім алушылар контингенті санаторлық ұйым қызметінің ерекшелігіне байланысты жоғары мобильділігімен сипатталды.

I тоқсанда оқу мен сауықтырудан барлығы 103 білім алушы өтті, олардың ішінде тоқсанды 87 білім алушы аяқтады.

II тоқсанда білім алушылар саны 146 оқушыға дейін өсіп, тоқсан соңында 118 білім алушы оқуын аяқтады.

Ең жоғары көрсеткіш III тоқсанда тіркелді. Бұл кезеңде оқу мен сауықтырудан 150 білім алушы өтті, олардың 106-сы тоқсанды толық аяқтады.

IV тоқсанда оқу мен сауықтыру шараларына 124 білім алушы қамтылып, оның ішінде 94 білім алушы тоқсанды аяқтады.

Контингенттің тоқсан сайын өзгеруі білім алушылардың денсаулық жағдайына және медициналық қорытындылар негізінде қабылдануы мен шығарылуына байланысты болды. Бұл мектеп-интернаттың санаторлық үлгідегі білім беру ұйымы ретіндегі ерекшелігін көрсетеді және білім беру мен сауықтыру жұмыстарын тиімді ұйымдастыруды талап етеді.

Білім алушылар контингентінің қозғалысы

Тоқсан	Тоқсан барысында білім алғандар саны	Тоқсанды аяқтағандар саны	Тоқсан барысында шыққан білім алушылар
I тоқсан	103	87	16
II тоқсан	146	118	28
III тоқсан	150	106	44
IV тоқсан	124	94	30

Осылайша, 2025–2026 оқу жылында мектеп-интернатта тоқсандар бойынша жиынтық есеппен 523 білім алушы білім алып, сауықтыру шараларымен қамтылды. Әр тоқсанның соңындағы білім алушылар контингенті 87-ден 118 адамға дейін өзгеріп отырды. Білім алушылар санының ауытқуы балалардың санаторлық емдеу және сауықтыру курстарынан өту мерзімдеріне сәйкес жоспарлы қабылдануы мен шығарылуына байланысты болды.

Көрсеткіш	Саны
Оқу жылы ішінде білім алғандардың жалпы саны (тоқсандар бойынша жиынтық)	523
Бір тоқсандағы білім алушылардың орташа саны	131
Ең жоғары контингент (III тоқсан)	150
Оқу жылының соңындағы контингент	94

Берілген көрсеткіштер мектеп-интернаттың білім алушылар контингентінің тұрақты қозғалысы жағдайында да тұрақты жұмыс істейтінін және оқу жылы бойы білім алып, сауықтыру шараларынан өткен барлық балалар үшін білім беру үдерісінің үздіксіздігін қамтамасыз ететінін көрсетеді.

10. Сыныптар бойынша білім алушылар контингенті

2025–2026 оқу жылында Ақмола облысы білім басқармасының «Жұлдыз» санаторлық типтегі облыстық орта мектеп-интернаты» КММ контингенті

Ақмола облысының түрлі аудандары мен қалаларынан келіп оқып, сауықтыру шараларынан өткен 1–10 сынып білім алушыларынан қалыптасты.

Мектеп-интернат қызметінің ерекшелігі білім алушылар контингентінің жоғары мобильділігі болып табылады. Бұл санаторлық ем алу мерзімдерінің әртүрлі болуына байланысты оқу жылы барысында білім алушылар санының өзгеруіне әсер етеді.

Оқу жылы бойынша сыныптардағы білім алушылар контингенті

Сынып	Оқу жылы ішінде білім алған білім алушылар саны
1 сынып	5
2 сынып	16
3 сынып	14
4 сынып	37
5 сынып	31
6 сынып	37
7 сынып	40
8 сынып	33
9 сынып	25
10 сынып	7
Барлығы	245

Мекеменің санаторлық типтегі болуын ескере отырып, білім алушылардың бір бөлігі оқу жылының әртүрлі кезеңдерінде білім алды. Осыған байланысты жалпы қамту көрсеткіші оқу жылының соңындағы білім алушылардың нақты санынан жоғары болды.

Білім алушылар контингентінің білім беру деңгейлері бойынша бөлінуі

Білім беру деңгейі	Оқушылар саны	Үлесі
Бастауыш мектеп (1–4 сыныптар))	72	29,4 %
Негізгі орта мектеп (5–9 сыныптар)	166	67,8 %
Жоғары мектеп (10-сынып)	7	2,8 %
Барлығы	245	100 %

Контингент құрылымындағы ең жоғары үлесті негізгі орта мектептің (5–9 сыныптар) білім алушылары құрайды. Олардың үлесіне барлық білім алушылардың шамамен 68 %-ы тиесілі. Бұл орта мектеп жасындағы білім алушылардың ұзақ мерзімді санаторлық емдеу мен сауықтыру шараларын жиірек қажет етуімен түсіндіріледі.

Сыныптар бойынша білім алушылар контингентінің құрылымы

Сынып	Жалпы контингенттегі үлесі
1 сынып	2,0 %
2 сынып	6,5 %
3 сынып	5,7 %
4 сынып	15,1 %
5 сынып	12,7 %
6 сынып	15,1 %
7 сынып	16,3 %
8 сынып	13,5 %

9 сынып	10,2 %
10 сынып	2,9 %

Қорытындылар

Сыныптар бойынша білім алушылар контингентін талдау 2025–2026 оқу жылында мектеп-интернаттың негізгі контингенті 4–9 сыныптарда шоғырланғанын көрсетті. Бұл сыныптарда барлық білім алушылардың 80 %-дан астамы білім алды.

Ең көп білім алушы 7-сыныпта тіркелді – 40 білім алушы, бұл жалпы контингенттің 16,3 %-ын құрайды.

Бастауыш мектеп деңгейінде 72 білім алушы, негізгі орта білім беру деңгейінде 166 білім алушы, ал жоғары мектеп деңгейінде 7 білім алушы білім алды.

Алынған мәліметтер мектептің білім беру және сауықтыру қызметтеріне орта буын оқушылары тарапынан тұрақты сұраныс бар екенін растайды. Сонымен қатар бұл көрсеткіштер келесі оқу жылына кадрлық, әдістемелік және ұйымдастырушылық ресурстарды тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді.

IV. ОҚУ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ

11. Оқу қызметінің жалпы сипаттамасы

2025–2026 оқу жылы барысында мектептің педагогикалық ұжымы сапалы білім беруді қамтамасыз ету, білім алушылардың үлгерім деңгейін арттыру және оқу мотивациясын дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізді. Білім сапасына мониторинг әр тоқсанның қорытындысы бойынша жүргізіліп отырды.

Тоқсандық қорытындыларды талдау нәтижелері білім алушылардың үлгерім деңгейінің тұрақты болғанын көрсетті. Оқу жылы бойы үлгерім көрсеткіші **100 %** құрап, үлгермеуші білім алушылар анықталған жоқ.

12. Жұмыс оқу жоспарының (ЖОЖ) іске асырылуы

2025–2026 оқу жылында Ақмола облысы білім басқармасының «Жұлдыз» санаторлық типтегі облыстық мектеп-интернаты» КММ-де білім беру үдерісі Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, үлгілік оқу жоспарларына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленген және бекітілген Жұмыс оқу жоспары негізінде жүзеге асырылды.

Педагогикалық кеңестің шешімімен білім беру үдерісін ұйымдастыру үшін қазақ және орыс тілдерінде оқытылатын сыныптарға арналған бастауыш, негізгі орта және жаратылыстану-математикалық бағыттағы жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары таңдалды.

1–4 сыныптарға арналған жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2023 жылғы 4 қазандағы №303 бұйрықпен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2024 жылғы 27 маусымдағы №161 бұйрықпен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары және факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары (2024 жылғы 5 қарашадағы №323 бұйрықпен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып) негізінде әзірленді.

5–9 сыныптарға арналған жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрықпен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу

бағдарламалары (2023 жылғы 5 шілдедегі №199 бұйрықпен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып) негізінде әзірленді.

10–11 сыныптарға арналған жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрықпен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары (2023 жылғы 5 шілдедегі №199 бұйрықпен енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып) негізінде әзірленді.

Жұмыс оқу жоспары қазақ және орыс тілдерінде оқытылатын сыныптар үшін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламаларын толық көлемде іске асыруды қамтамасыз етті. Оқу жүктемесі білім алушылардың жас ерекшеліктері, үлгілік оқу жоспарларының талаптары және санитариялық-эпидемиологиялық нормалар ескеріле отырып бөлінді.

Жұмыс оқу жоспарын іске асырудың негізгі бағыттары

Бағыт	Нәтиже
Оқу жоспарының орындалуы	Толық көлемде орындалды
Инварианттық компоненттің іске асырылуы	Білім берудің барлық деңгейлері бойынша қамтамасыз етілді
Оқу бағдарламаларының орындалуы	100 %
Апталық оқу жүктемесінің сақталуы	Сақталды
Білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету	Іске асырылды
Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлаудың орындалуы	Орындалды

Жұмыс оқу жоспарының іске асырылуын бақылау

Мектеп әкімшілігі тарапынан төмендегі бағыттар бойынша жүйелі бақылау жүргізілді:

- барлық пәндер бойынша оқу бағдарламаларының орындалуы;
- апталық және жылдық оқу жүктемесінің сақталуы;
- бағдарламалық материалдың уақытылы меңгерілуі;
- күнтізбелік-тақырыптық және қысқа мерзімді жоспарлаудың сапасы;
- оқу бағдарламаларының практикалық бөлігінің орындалуы;
- вариативтік компонент пен таңдау курстарының іске асырылуы.

Мектепшілік бақылау нәтижелері барлық пәндер бойынша оқу бағдарламаларының толық көлемде орындалғанын көрсетті. Бағдарламалық материалды меңгеруде артта қалу жағдайлары анықталған жоқ. Оқу үдерісі бекітілген сабақ кестесіне және нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес ұйымдастырылды.

Жұмыс оқу жоспарын іске асыру қорытындылары

Жұмыс оқу жоспарын іске асыру нәтижесінде:

- мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптары орындалды;

- күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізілді;
- білім алушылардың 100 % үлгерімі қамтамасыз етілді;
- білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға жағдай жасалды;
- білім берудің қолжетімділігі мен сапасы қағидаттары іске асырылды.

Қорытынды

2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары толық көлемде іске асырылды. Оқу жоспарының міндетті компонентіндегі барлық пәндер педагог кадрлармен, оқу-әдістемелік материалдармен және білім беру бағдарламаларын сапалы меңгеруге қажетті жағдайлармен қамтамасыз етілді. Жұмыс оқу жоспарын іске асыру білім алушылардың үлгерімі мен білім сапасының тұрақты көрсеткіштеріне қол жеткізуге ықпал етті.

13. Тоқсандар бойынша білім сапасын талдау

2025–2026 оқу жылындағы білім сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша білім алушылардың үлгерім көрсеткіші барлық төрт тоқсан бойы тұрақты болып, **100 %** құрады.

I тоқсанда 87 білім алушының 7-еуі «үздік», 46-сы «жақсы» бағалармен оқыды. Білім сапасы **60,9 %**, орташа балл **3,94** болды.

II тоқсанда білім алушылар саны 118 адамға дейін артты. Бұл ретте үздік оқушылар саны 8-ге, жақсы оқушылар саны 63-ке жетті. Білім сапасы **60,1 %**, ал орташа балл **3,96** болды.

III тоқсанда білім сапасының көрсеткіші **49,0 %-ға**, орташа балл **3,80-ге** дейін төмендеді. Бұл бағдарламалық материалдың күрделенуімен және оқу барысында қиындықтарға тап болатын білім алушылар үлесінің артуымен байланысты болды.

Сонымен қатар IV тоқсан қорытындысы бойынша оң динамика байқалды: білім сапасы **58,5 %-ға** дейін көтеріліп, орташа балл **3,95** болды, ал жақсы оқушылар саны **49 адамға** жетті.

Жүргізілген талдау білім алушылардың үлгерім деңгейінің тұрақты екенін және педагогикалық ұжымның білім сапасын арттыру, анықталған олқылықтардың орнын толтыру бағытындағы жұмысының нәтижелі болғанын көрсетеді.

Тоқсан	Оқушылар саны	Үздіктер	Жақсы оқындар	Үлгерушілер	Білім сапасы (%)	Үлгерім (%)	Орта балл
I тоқсан	87	7	46	34	60,9	100	3,94
II тоқсан	118	8	63	47	60,1	100	3,96

III тоқсан	106	6	46	54	49,0	100	3,80
IV тоқсан	94	6	49	39	58,5	100	3,95

14. Білім сапасы мен үлгерім көрсеткіштерінің салыстырмалы талдауы

Білім сапасының ең жоғары көрсеткіші I тоқсанда тіркеліп, **60,9 %** құрады.

II тоқсанда білім сапасы іс жүзінде сол деңгейде сақталып, **60,1 %** болды.

III тоқсанда білім сапасының **49,0 %-ға** дейін төмендеуі байқалды. Бұл бағдарламалық материалдың күрделенуімен және білім алушылардың қысқы демалыстан кейінгі оқу үдерісіне бейімделуімен байланысты.

IV тоқсанда оң динамика байқалды: білім сапасы **58,5 %-ға** дейін көтерілді. Бұл білім алушылармен жүргізілген түзету және қолдау жұмыстарының тиімділігін көрсетеді.

Оқу жылы бойы орташа балл тұрақты деңгейде сақталып, **3,80–3,96** аралығында болды.

Жүргізілген салыстырмалы талдау білім алушылардың үлгерім көрсеткішінің тұрақты болғанын және педагогикалық ұжымның білім сапасын арттыру, оқу жетістіктерін қолдау мен анықталған олқылықтардың орнын толықтыру бағытындағы жұмысының нәтижелі болғанын көрсетті.

Көрсеткіш	I тоқс.	II тоқс.	III тоқс.	IV тоқс.
Білім сапасы (%)	60,9	60,1	49,0	58,5
Үлгерім (%)	100	100	100	100
Орташа балл	3,94	3,96	3,80	3,95

15. 2025–2026 оқу жылындағы жиынтық бағалауды іске асыру

2025–2026 оқу жылында білім алушылардың жиынтық бағалануы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және критериалды бағалау бойынша нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізілді.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) барлық оқу пәндері мен білім беру деңгейлері бойынша бекітілген кестелерге сәйкес өткізілді.

Мектеп әкімшілігі жиынтық бағалау жұмыстарын өткізу мерзімдерінің сақталуына, бағалаудың объективтілігіне, жұмыстарды уақытылы тексеруге және нәтижелерді BilimClass электрондық журналына дер кезінде енгізуге жүйелі бақылау жүргізді.

БЖБ және ТЖБ өткізу кестелері әр тоқсанға бекітіліп, педагогтердің, білім алушылардың және ата-аналардың назарына жеткізілді.

Жиынтық бағалауды ұйымдастыру

Жұмыс бағыты	Орындалуы
БЖБ және ТЖБ кестелерін әзірлеу және бекіту	Уақытылы орындалды

Бағалау жұмыстарын өткізу мерзімдерінің сақталуы	100 %
Нәтижелерді тексеру және талдау	Барлық пәндер бойынша жүргізілді
Нәтижелерді BilimClass жүйесіне енгізу	Уақытылы
Бағалаудың объективтілігін бақылау	Мектеп әкімшілігі тарапынан жүзеге асырылды
Тоқсандар бойынша нәтижелерді талдау	Әр тоқсан қорытындысы бойынша жүргізілді

Жиынтық бағалауды жүзеге асыруды бақылау

Оқу жылы бойы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары жиынтық жұмыстардың орындалуына, тапсырмаларды әзірлеу талаптарының сақталуына, балл қоюдың дұрыстығына және білім алушыларға берілетін кері байланыстың сапасына мониторинг жүргізді. Әр тоқсанның қорытындысы бойынша БЖБ және ТЖБ нәтижелері әдістемелік бірлестіктер мен педагогикалық кеңестердің отырыстарында қарастырылды.

Жиынтық бағалауды іске асыруды талдау

Жиынтық бағалау нәтижелері:

- білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды уақытылы анықтауға;
- білім беру үдерісін түзетуге;
- оқуда қиындық көріп жүрген білім алушылармен мақсатты жұмыс жүргізуге;
- тоқсандық бағалардың объективті қойылуын қамтамасыз етуге;
- сыныптар мен пәндер бойынша білім сапасының динамикасын бақылауға мүмкіндік берді.

БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау қорытындысы бойынша білім алушылардың басым көпшілігі оқу бағдарламаларын табысты меңгергені анықталды. Жалпы алғанда, жиынтық бағалау нәтижелері тоқсандар бойынша білім сапасы көрсеткіштерімен сәйкес келеді және білім алушылардың үлгерім деңгейінің тұрақтылығын растайды.

Жиынтық бағалаудың жүргізілуін бақылау

Бақылау түрі	Нәтиже
БЖБ және ТЖБ өткізу кестелерін тексеру	Орындалды
Жиынтық жұмыстардың өткізілуін бақылау	Толық көлемде орындалды
Тапсырмалар сапасын талдау	Әдістемелік бірлестіктер отырыстарында жүргізілді
Білім алушылардың нәтижелеріне мониторинг жүргізу	Тоқсан сайын
Бағаларды электрондық журналға енгізуді бақылау	Жүйелі түрде
Бағалаудың объективтілігін талдау	Ескертулер анықталған жоқ

Ұйымдастыру жұмысы

2025–2026 оқу жылында жиынтық бағалау жүйесін іске асыру тиісті деңгейде жүзеге асырылды. БЖБ және ТЖБ өткізу оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейі туралы объективті ақпарат алуға, білім алушылардың оқу нәтижелеріне жауапкершілігін арттыруға және білім беру үдерісінің сапасын жетілдіруге ықпал етті.

Ұсынымдар:

- БЖБ және ТЖБ өткізуді жүйелі бақылауды жалғастыру;
- Әдістемелік бірлестіктер деңгейінде жиынтық бағалау нәтижелерін талдау жұмыстарын күшейту;
- БЖБ және ТЖБ нәтижелерін білім алушылармен түзету жұмыстарын жоспарлауда пайдалану;
- Тапсырмалар сапасы мен бағалаудың объективтілігіне мониторинг жүргізу тәжірибесін жалғастыру;
- Педагогтердің критериалды бағалау мәселелері бойынша кәсіби құзыреттілігін арттыру.

16. Оқу мотивациясы төмен және білімінде олқылықтары бар білім алушылармен жұмыс

2025–2026 оқу жылында педагогикалық ұжым қызметінің басым бағыттарының бірі білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою және білім беру бағдарламаларын меңгеруде қиындық көретін оқушылардың оқу мотивациясын арттыру бойынша жұмысты ұйымдастыру болды.

Жұмыс 2025–2026 оқу жылына арналған білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою және білімдерін толықтыру үдерісін әдістемелік сүйемелдеу жөніндегі бекітілген іс-шаралар жоспары негізінде жүргізілді. Негізгі мақсат – білім алушылардың білім сапасын арттыру үшін білім беру тапшылықтарын уақытылы анықтау және оларға мақсатты педагогикалық қолдау көрсетуге жағдай жасау.

Негізгі жұмыс бағыттары:

- білім алушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу;
- оқу мотивациясы төмен және білімінде олқылықтары бар оқушыларды анықтау;
- қосымша сабақтар мен жеке консультациялар ұйымдастыру;
- шағын топтарда жұмыс жүргізу;
- сабақтарда сараланған тәсілді қолдану;
- оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу;
- ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- оқу мотивациясын арттыру мақсатында цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану.

Ұйымдастыру жұмысы

Оқу жылының басында пән мұғалімдері өткен оқу жылындағы қорытынды бағалар, диагностикалық жұмыстар мен кіріспе бақылау нәтижелері негізінде білімінде олқылықтары бар білім алушыларды анықтады. Әр оқушы бойынша

жеке жұмыс жоспары әзірленіп, қосымша сабақтар мен консультациялар кестесі бекітілді. Әкімшілік тарапынан атқарылған жұмыстардың орындалуына тұрақты бақылау жүргізіліп, нәтижелері әдістемелік бірлестіктер мен педагогикалық кеңестерде қарастырылып отырды.

Ұйымдастырушылық жұмыс

Іс-шара	Нәтиже
Оқушылардың үлгеріміне мониторинг жүргізу	Жүйелі түрде жүргізілді
Төмен үлгерімнің себептерін талдау	Тәуекел тобындағы әрбір оқушы бойынша жүргізілді
Педагогтермен жеке әңгімелесулер өткізу	Жыл бойы ұйымдастырылды
Педагогтер мен білім алушыларға сауалнама жүргізу	Оқу қиындықтарының негізгі факторлары анықталды
Қосымша дидактикалық материалдарды әзірлеу	Білімдегі олқылықтардың орнын толықтыруға арналған ресурстар банкі құрылды

Білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жұмыс

Оқу материалын меңгеруде қиындықтарға тап болған білім алушылар үшін келесі жұмыстар ұйымдастырылды:

- оқу пәндері бойынша қосымша сабақтар;
- жеке консультациялар;
- шағын топтардағы жұмыс;
- білім беру маршруттарын түзету;
- деңгейлік тапсырмаларды қолдану;
- оқу бағдарламасының күрделі тақырыптарын қайталау және бекіту.

Педагогтер БЖБ және ТЖБ нәтижелерін жүйелі түрде талдап, білім алушыларға қиындық туғызатын тақырыптарды анықтап, мақсатты түзету жұмыстарын ұйымдастырды. Әдістемелік бірлестіктер күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды жетілдіру және оқу бағдарламаларының проблемалық бөлімдері бойынша жұмысты күшейту жөнінде ұсынымдар әзірледі.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу

Оқу мотивациясы төмен білім алушыларды педагог-психолог, әлеуметтік педагог және сынып жетекшілері тарапынан сүйемелдеу маңызды бағыттардың бірі болды.

Оқушылардың өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыруға, оқу нәтижелері үшін жауапкершілігін арттыруға және әрбір баланың жетістікке жету жағдайын жасауға ерекше көңіл бөлінді.

Қорытынды

Білімдегі олқылықтарды жою және оқу мотивациясы төмен білім алушыларды сүйемелдеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп, мектеп әкімшілігі, педагогтер, сынып жетекшілері, психологиялық қызмет және ата-аналардың өзара ынтымақтастығы негізінде жүзеге асырылды. Іске асырылған

іс-шаралар білім алушылардың тұрақты үлгерімін сақтауға, білім сапасын арттыруға және барлық білім алушылардың білім беру бағдарламаларын табысты меңгеруіне қолайлы жағдай жасауға ықпал етті.

17. Дарынды және ынталы білім алушылармен жүргізілген жұмыстың нәтижелері

Ынталы білім алушыларды қолдау және дамыту бойынша жүргізілген жұмыстар «жақсы» және «үздік» бағалармен оқитын оқушылар санының тұрақты сақталуына ықпал етті. Оқушылармен жеке консультациялар өткізуге, қосымша сабақтар ұйымдастыруға және олардың танымдық белсенділігін дамытуға ерекше назар аударылды.

Тоқсан	Үздіктер	Жақсы оқитындар	Жоғары үлгерім көрсеткен оқушылардың жалпы саны
I тоқсан	7	46	53
II тоқсан	8	63	71
III тоқсан	6	46	52
IV тоқсан	6	49	55

Дарынды және ынталы білім алушылармен жұмыс

2025–2026 оқу жылында дарынды және ынталы білім алушылармен жұмыс Оқушылардың ғылыми қоғамының (ОҒҚ) жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді және оқушылардың зияткерлік, шығармашылық және зерттеушілік әлеуетін анықтауға, қолдауға және дамытуға бағытталды. Қызметтің негізгі мақсаты – оқушыларды ғылыми-зерттеу, жобалық, олимпиадалық және конкурстық жұмыстарға тарту арқылы олардың қабілеттерін дамытуға қолайлы жағдай жасау болды.

Негізгі жұмыс бағыттары

- дарынды және ынталы білім алушыларды анықтау және деректер базасын қалыптастыру;
- пәндік олимпиадаларға дайындық және қатысу;
- ғылыми жобалар мен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- зияткерлік, шығармашылық және пәндік байқауларға қатыстыру;
- оқушылардың ғылыми қоғамының жұмысын ұйымдастыру;
- пәндер бойынша қосымша сабақтар мен жеке консультациялар өткізу;
- оқушылардың зерттеушілік және жобалық құзыреттіліктерін дамыту;
- оқу-танымдық белсенділікті арттыру;
- жоғары оқу орындарымен, қосымша білім беру ұйымдарымен және ғылыми орталықтармен ынтымақтастықты дамыту;
- оқушылардың жетістіктерін насихаттау және ынталандыру.

Бұл бағыттар бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп, білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ғылыми ізденіске қызығушылығын

арттыруға және әртүрлі деңгейдегі зияткерлік сайыстарда нәтижелі қатысуына мүмкіндік жасалды.

Негізгі жұмыс бағыттары

Қызмет бағыты	Жұмыс мазмұны
Оқушылардың қабілеттерін диагностикалау	Зияткерлік және шығармашылық дарынды балаларды анықтау
Жеке қолдау көрсету	Педагог-тәлімгерлердің жетекшілігімен жұмыс жүргізу
Ғылыми-зерттеу қызметі	Жобалар мен зерттеу жұмыстарын дайындау
Олимпиадалық қозғалыс	Пәндік олимпиадалар мен конкурстарға дайындау
Шығармашылық қабілеттерді дамыту	Пәндік онкүндіктер мен түрлі іс-шараларға қатысу
Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету	Оқушыларға арналған тренингтер мен консультациялар өткізу

Оқушылардың ғылыми қоғамының қызметі

Оқу жылы бойы Оқушылардың ғылыми қоғамының жұмысы оқушылардың зерттеушілік мәдениетін дамытуға бағытталды. Ғылыми қоғам аясында консультациялар, жеке сабақтар, шығармашылық ойлау мен зерттеу дағдыларын дамытуға арналған тренингтер өткізілді.

Ерекше назар келесі бағыттарға аударылды:

- жобалық қызмет дағдыларын қалыптастыруға;
- оқушыларды олимпиадалар мен түрлі байқауларға дайындауға;
- «Ғылым күні» ғылыми-тәжірибелік конференциясын ұйымдастыруға;
- оқушыларды пәндік онкүндіктер мен зияткерлік іс-шараларға тартуға.

Олимпиадаларға, конкурстарға және конференцияларға қатысу

Оқу жылы ішінде оқушылар:

- мектепшілік пәндік олимпиадаларға;
- өңірлік, республикалық және халықаралық конкурстарға;
- зияткерлік марафондарға;
- жалпы республикалық диктанттарға;
- ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен зерттеу жобаларына қатысты.

Білім алушыларды дайындау педагог-тәлімгерлердің жетекшілігімен жеке жұмыстар және Оқушылардың ғылыми қоғамының қызметі аясында жүзеге асырылды.

Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету

Әлеуметтік-психологиялық қызмет тарапынан дарынды білім алушылардың зерттеушілік ынтасын, коммуникативтік дағдыларын және

тұлғалық әлеуетін дамытуға бағытталған диагностикалық зерттеулер мен тренингтік сабақтар өткізілді.

Қорытынды

2025–2026 оқу жылында дарынды және ынталы білім алушылармен жүргізілген жұмыс жүйелі сипатта болып, олардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталды. Оқушылардың ғылыми қоғамының қызметі, олимпиадаларға, конкурстарға, пәндік онкүндіктерге және ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысу арқылы талантты оқушыларды анықтау мен қолдауға, олардың зерттеушілік құзыреттерін дамытуға және оқуға деген тұрақты ынтасын қалыптастыруға қолайлы жағдай жасалды.

2025–2026 оқу жылының оқу қызметін талдау қорытындысы бойынша төмендегідей тұжырымдар жасалды:

- Оқу үдерісі тиісті деңгейде ұйымдастырылды.
- Үлгерім көрсеткіші барлық тоқсандар бойынша 100%-ды құрады.
- Білім сапасының көрсеткіші жыл бойы 49,0%-дан 60,9%-ға дейін өзгеріп отырды.
- IV тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасы 58,5%-ды құрап, III тоқсанмен салыстырғанда оң динамика байқалды.
- Педагогикалық ұжым білім алушылардың оқу бағдарламаларын табысты меңгеруі мен оқу мотивациясын арттыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етті.

6. 2026–2027 оқу жылына арналған міндеттер

- Білім алушылардың білім сапасын арттыру бойынша жұмысты жалғастыру.
- Оқу мотивациясы төмен оқушылармен жеке жұмысты күшейту.
- Білім беру сапасын мектепшілік бақылау жүйесін жетілдіру.
- Дарынды балалармен және жоғары нәтижелер көрсетуге қабілетті оқушылармен жұмысты жандандыру.
- Педагогтердің кәсіби шеберлігін біліктілікті арттыру курстарына және әдістемелік іс-шараларға қатысу арқылы жетілдіру.

V. ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӘРБИЕЛІК ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ

18. Тәрбие үдерісінің жалпы сипаттамасы

2025–2026 оқу жылында білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік құжаттарына және адал, жауапты, әділ әрі еңбекқор азаматты қалыптастыруға бағытталған «Адал азамат» тәрбие тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асырылды.

Тәрбие жұмысының мақсаты

Заң мен тәртіпті, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, жоғары адамгершілік қасиеттерге ие, жасампаз еңбекке, өзін-өзі дамытуға және қоғам мен мемлекеттің өміріне белсенді қатысуға дайын тұлғаны тәрбиелеу.

Тәрбие үдерісінің негізгі міндеттері

- азаматтық пен патриотизмді қалыптастыру;
- тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту;
- адалдыққа, жауапкершілікке және әділдікке тәрбиелеу;
- заңға және қоғамдық нормаларға құрмет сезімін нығайту;
- салауатты және қауіпсіз өмір салты мәдениетін қалыптастыру;
- еңбекқорлықты, кәсіби бағдарды және кәсіпкерлік дағдыларды дамыту;
- экологиялық мәдениетті және қоршаған ортаға ұқыпты қарауды тәрбиелеу;
- отбасылық құндылықтарды нығайту және мектеп пен ата-аналардың ынтымақтастығын дамыту;
- білім алушылардың әлеуметтік белсенділігін, көшбасшылық қасиеттерін және еріктілік қызметін дамыту.

«Адал азамат» тұжырымдамасының негізгі құндылықтары

- адалдық пен әділдік;
- жауапкершілік пен тәртіп;
- заң мен тәртіпті құрметтеу;
- патриотизм және азаматтық ұстаным;
- еңбекқорлық пен кәсібилік;
- үлкендерді құрметтеу және кішіге қамқор болу;
- білімге ұмтылу және өзін-өзі дамыту;
- бірлік, келісім және өзара құрмет.

Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары

- Азаматтық-патриоттық тәрбие;
- Рухани-адамгершілік тәрбие;
- Ұлттық және отбасылық тәрбие;
- Құқықтық тәрбие және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру;
- Еңбек, экономикалық және кәсіби тәрбие;
- Экологиялық тәрбие;
- Зияткерлік даму және ақпараттық мәдениет;
- Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Қорытынды

2025–2026 оқу жылындағы тәрбие үдерісін ұйымдастыру нәтижелерін қорытындылай келе, мектептегі тәрбие жұмысы «Адал азамат» Бірыңғай

тәрбие бағдарламасының міндеттеріне сәйкес мақсатты әрі жүйелі түрде жүргізілгенін атап өтуге болады. Білім алушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін, азаматтық жауапкершілігін, патриотизмін, еңбекқорлығын, заңға және ұлттық құндылықтарға құрметін қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасалды.

Оқу жылы барысында тәрбие жұмысының барлық бағыттары бойынша іс-шаралар жүзеге асырылды: азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік, отбасылық, құқықтық, еңбек, экологиялық, зияткерлік және дене тәрбиесі бағыттарында жұмыстар жүргізілді. Білім алушылар сыныптық және жалпы мектептік іс-шараларға, әлеуметтік жобаларға, байқауларға, акцияларға және еріктілік қызметтерге белсенді қатысты.

Мектеп пен отбасының өзара ынтымақтастығына, құқық бұзушылықтардың алдын алуға, қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз етуге, оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамытуға және білім алушылардың бастамаларын қолдауға ерекше көңіл бөлінді.

Жүргізілген жұмыстар білім алушылардың тәрбиелілік деңгейін арттыруға, белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға, көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, жауапкершілігі мен әлеуметтік белсенділігін күшейтуге ықпал етті.

Осылайша, 2025–2026 оқу жылындағы тәрбие үдерісі нәтижелі болып, Қазақстан Республикасының адал, жауапты, еңбекқор және отансүйгіш азаматын тәрбиелеуге бағытталған «Адал азамат» Бірыңғай тәрбие бағдарламасының негізгі мақсаттары мен міндеттерінің жүзеге асырылуын қамтамасыз етті.

19. «Адал азамат» тәрбие бағдарламасын іске асыру

2025–2026 оқу жылында мектептің тәрбие жұмысы білім алушы тұлғасын ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде қалыптастыруға, азаматтық жауапкершілікті, патриотизмді, еңбекқорлықты, заңға құрметті және жасампаздыққа ұмтылысты тәрбиелеуге бағытталған «Адал азамат» Бірыңғай тәрбие бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды.

Бағдарламаны іске асырудың негізгі мақсаты – саналы шешім қабылдай алатын, моральдық және құқықтық нормаларды сақтайтын, қоғамдық өмірге белсенді қатысатын және елдің дамуына өз үлесін қосуға дайын Қазақстан Республикасының адал, жауапты, еңбекқор әрі отансүйгіш азаматын тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысы бағдарламаның келесі құндылықтық бағыттары бойынша жүзеге асырылды:

- Тәуелсіздік және патриотизм;
- Бірлік пен ынтымақ;
- Әділдік пен жауапкершілік;
- Заң және тәртіп;
- Еңбекқорлық пен кәсібилік;
- Жасампаздық пен жаңашылдық.

Оқу жылы бойы білім алушыларды азаматтық-патриоттық, рухани-адамгершілік, отбасылық, құқықтық, еңбек, экологиялық, зияткерлік және дене тәрбиесі бағыттары бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Сынып сағаттарын, тәрбиелік іс-шараларды, тақырыптық апталықтарды, челленджерді, акциялар мен әлеуметтік жобаларды өткізуге ерекше көңіл бөлінді. Барлық іс-шаралар білім алушылардың тұлғалық дамуына, белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға, мемлекеттік рәміздерді, ұлттық дәстүрлер мен Қазақстанның мәдени мұрасын құрметтеуге бағытталды.

Бағдарламаны іске асыру аясында мектепте Білім күніне, Республика күніне, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне, Наурыз мейрамына, Отбасы күніне, Еңбек күніне, Қазақстан халқы тілдері күніне, Алғыс айту күніне және басқа да мемлекеттік әрі қоғамдық маңызы бар мерекелік күндерге арналған іс-шаралар өткізілді.

Тәрбие жұмысы келесі республикалық жобаларды жүзеге асыру арқылы жүргізілді:

- «Қамқор»;
- «Еңбегі адал – жас өрен»;
- «Шабыт»;
- «Ұшқыр ой алаңы»;
- «Smart Bala»;
- «Балалар кітапханасы».

«Қамқор» жобасы аясында білім алушылар қайырымдылық және еріктілік акцияларына қатысып, көмекке мұқтаж жандарға қолдау көрсетті, экологиялық іс-шараларға белсенді атсалысты.

«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы білім алушылардың еңбекқорлығын дамытуға, еңбекке құрмет сезімін қалыптастыруға және кәсіби бағдар беру жұмыстарына бағытталды. Осы бағытта сынып сағаттары, түрлі мамандық иелерімен кездесулер және кәсіптік бағдар беру іс-шаралары өткізілді.

«Шабыт» жобасы аясында білім алушылар шығармашылық байқауларға, фестивальдерге, көрмелерге, әдеби және музыкалық іс-шараларға белсенді қатысып, өз қабілеттері мен таланттарын көрсетті.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы пікірсайыстар, дөңгелек үстелдер және пікірталас алаңдарын ұйымдастыру арқылы білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын, сыни ойлауын және көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін дамытуға ықпал етті.

«Smart Bala» жобасы шеңберінде білім алушылар зияткерлік байқауларға, зерттеу жұмыстарына және цифрлық сауаттылық пен инновациялық ойлауды дамытуға бағытталған іс-шараларға қатысты.

Тәрбие жұмысында оқырмандық мәдениетті дамытуға, кітапты насихаттауға және білім алушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыруға бағытталған «Балалар кітапханасы» жобасын іске асыруға ерекше орын берілді.

Тұрақты негізде құқық бұзушылықтың, буллингтің, кибербуллингтің, интернетке тәуелділіктің, лудоманияның алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға

және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған іс-шаралар өткізілді. Қауіпсіздік сабақтарына, құқықтық ағартуға және білім алушылардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды.

Ата-аналармен жұмыс ата-аналар жиналыстары, жеке консультациялар, тақырыптық кездесулер және WhatsApp мессенджері арқылы өзара байланыс жасау арқылы жүзеге асырылды. Ата-аналар мектептің тәрбиелік іс-шараларына және «Адал азамат» бағдарламасы жобаларын іске асыруға белсенді тартылды.

Оқу жылы бойы оқушылардың өзін-өзі басқару органдары, мектеп парламенті, еріктілер жасақтары және балалар қоғамдық бірлестіктері жұмыс істеді. Білім алушылар мектепшілік, аудандық және облыстық іс-шараларға, байқауларға, акцияларға және әлеуметтік жобаларға белсенді қатысты.

Қорытынды

2025–2026 оқу жылында «Адал азамат» Бірыңғай тәрбие бағдарламасын іске асыру қорытындылары бойынша мектептің тәрбие жұмысы тиісті деңгейде ұйымдастырылып, жүйелі сипатта жүргізілгенін атап өтуге болады.

Өткізілген іс-шаралар білім алушылардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды, патриотизмді, ұлттық құндылықтарға құрметті, жауапкершілікті, еңбекқорлықты, құқықтық мәдениетті және әлеуметтік белсенділікті қалыптастыруға ықпал етті.

Жасалған жағдайлар білім алушылардың тұлғалық дамуын, шығармашылық әлеуетін, көшбасшылық қасиеттерін және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

Педагогикалық ұжымның, сынып жетекшілерінің, ата-аналардың және әлеуметтік серіктестердің бірлескен жұмысы «Адал азамат» Бірыңғай тәрбие бағдарламасының негізгі мақсаттары мен міндеттерін тиімді жүзеге асыруға жағдай жасады.

20. Сынып жетекшілерінің жұмысы

2025–2026 оқу жылында сынып жетекшілерінің қызметі «Адал азамат» Бірыңғай тәрбие бағдарламасына, мектептің тәрбие жұмысының жылдық жоспарына сәйкес жүзеге асырылды және білім алушылардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасауға, азаматтық жауапкершілікті, патриотизмді, рухани-адамгершілік қасиеттерді және қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталды.

Мектепте 1–11 сыныптардағы тәрбие міндеттерін жүзеге асыратын 17 сынып жетекшісі жұмыс атқарды. Тәрбие жұмысы мектеп, отбасы және қоғамның өзара ынтымақтастығы қағидаттарына негізделіп, адалдық, әділдік, жауапкершілік, еңбекқорлық және заңға құрмет сияқты құндылықтарды қалыптастыруға бағытталды.

Сынып жетекшілерінің қызметінің негізгі бағыттары:

- «Адал азамат» Бірыңғай тәрбие бағдарламасын іске асыру;
- азаматтық-патриоттық тәрбие беру;
- білім алушылардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз ету;
- құқық бұзушылықтар мен буллингтің алдын алу;

- қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру;
- оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту;
- ата-аналармен жұмыс жүргізу;
- кәсіптік бағдар беру жұмыстары;
- білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және сыныптан тыс жұмыстарды өткізу.

Оқу жылы бойы сынып жетекшілері Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелері мен атаулы күндеріне арналған сынып сағаттарын, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған тақырыптық іс-шараларды, профилактикалық әңгімелерді, қауіпсіздік сабақтарын, акцияларды, байқаулар мен әлеуметтік жобаларды жүйелі түрде өткізіп отырды.

«Адал азамат» Бірыңғай тәрбие бағдарламасының «Қамқор», «Еңбегі адал – жас өрен», «Шабьт», «Ұшқыр ой алаңы», «Smart Bala» және «Балалар кітапханасы» жобаларын жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлінді. Білім алушылар еріктілік қызметке, шығармашылық байқауларға, кәсіптік бағдар беру іс-шараларына, пікірсайыс турнирлеріне және әлеуметтік белсенділік пен азаматтық жауапкершілікті дамытуға бағытталған акцияларға белсенді қатысты.

Профилактикалық жұмыстар аясында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, буллингтің, кибербуллингтің, интернетке тәуелділіктің, лудоманияның және басқа да жағымсыз құбылыстардың алдын алу бойынша іс-шаралар өткізілді. Сынып жетекшілері ерекше педагогикалық назарды қажет ететін білім алушылармен педагог-психологпен, әлеуметтік педагогпен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп жеке жұмыстар жүргізді.

Ата-аналармен жұмыс ата-аналар жиналыстары, жеке консультациялар, тақырыптық әңгімелер және WhatsApp мессенджері арқылы байланыс жасау негізінде жүзеге асырылды. Ата-аналар чаттары арқылы тәрбиелік іс-шаралар, қауіпсіздік мәселелері, білім алушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысуы туралы ақпараттар уақтылы жеткізіліп отырды. Ата-аналар мектеп өміріне және тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысты.

Сынып жетекшілері оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту, олардың бастамаларын қолдау, көшбасшылық қасиеттерін және белсенді өмірлік ұстанымдарын қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізді. Білім алушылар мектеп парламентінің, еріктілер жасақтарының қызметіне және қоғамдық маңызы бар іс-шараларға белсенді қатысты.

Қорытынды

2025–2026 оқу жылындағы сынып жетекшілерінің жұмысына жүргізілген талдау қорытындысы бойынша білім алушыларды тәрбиелеу қызметі тиісті деңгейде ұйымдастырылып, жүйелі сипатта жүргізілгенін атап өтуге болады.

Сынып жетекшілері «Адал азамат» Бірыңғай тәрбие бағдарламасының негізгі бағыттарын тиімді жүзеге асырып, ата-аналармен, педагогтермен және әлеуметтік серіктестермен нәтижелі ынтымақтастық орнатты.

Жүргізілген жұмыстар білім алушылардың азаматтық жауапкершілігін, патриотизмін, ұлттық құндылықтарға құрметін қалыптастыруға, әлеуметтік белсенділігін, көшбасшылық қасиеттерін және қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін дамытуға ықпал етті.

Жасалған қолайлы тәрбиелік орта білім алушылардың табысты әлеуметтенуіне және тұлғалық дамуына жағдай жасады.

21. Тәрбиешілердің жұмысы

2025–2026 оқу жылында тәрбиешілердің жұмысы «Адал азамат» Бірыңғай тәрбие бағдарламасына және мектеп-интернаттың тәрбие жұмысы жоспарына сәйкес жүзеге асырылып, қолайлы тәрбиелік орта құруға, білім алушылардың тұлғалық дамуын қамтамасыз етуге, адамгершілік қасиеттерін, азаматтық жауапкершілігін, патриотизмін және қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталды.

Тәрбиешілер қызметінің негізгі мақсаты – ұлттық құндылықтарды құрметтейтін, қоғамдық мінез-құлық нормаларын сақтайтын, қоғам өміріне белсенді қатысатын адал, жауапты, еңбекқор және отансүйгіш азамат тәрбиелеу болды.

Тәрбиешілердің жұмысы «Адал азамат» Бірыңғай тәрбие бағдарламасының негізгі құндылықтарына негізделді:

- Тәуелсіздік және патриотизм;
- Бірлік пен ынтымақ;
- Әділдік пен жауапкершілік;
- Заң және тәртіп;
- Еңбекқорлық пен кәсібилік;
- Жасампаздық пен жаңашылдық.

Оқу жылы бойы тәрбиешілер сабақтан тыс уақыттағы тәрбие үдерісін ұйымдастырып, тәрбиеленушілердің күн тәртібінің сақталуын бақылап, өзіндік дайындық жұмыстарын, бос уақытты тиімді ұйымдастыруды, профилактикалық жұмыстарды және білім алушыларды сүйемелдеуді қамтамасыз етті.

Тәрбиешілер жұмысының негізгі бағыттары

№	Жұмыс бағыты	Өткізілген іс-шаралар	Нәтиже
1	Азаматтық-патриоттық тәрбие	«Менің Отаным – Қазақстан» тақырыбындағы сынып сағаттары, Республика күніне, Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар, «Біз – патриотпыз» тақырыптық күндері	Білім алушылардың патриоттық санасы артты
2	Рухани-адамгершілік тәрбие	Әңгімелер, тренингтер, «Адал азамат»	Айналасындағыларға құрметпен қарау, жауапкершілік пен

		бағдарламасы аясындағы тақырыптық күндер	адалдық дағдылары қалыптасты
3	Отбасылық тәрбие	Отбасы күніне, Аналар күніне арналған іс-шаралар, челленджер мен шығармашылық шеберханалар	Отбасы мен мектеп арасындағы өзара байланыс нығайтылды
4	Еңбек және кәсіптік бағдар беру тәрбиесі	«Еңбек күні», «Мамандықтар күні», «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы	Оқушылардың мамандықтар әлемі туралы түсініктері кеңейді
5	Құқықтық тәрбие және қауіпсіздік	Қауіпсіздік сабақтары, профилактикалық әңгімелер, буллинг пен құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары	Құқықтық сауаттылық пен қауіпсіз мінез-құлық мәдениеті артты
6	Экологиялық тәрбие	Табиғатқа және табиғи ресурстарға ұқыпты қарау бойынша акциялар мен әңгімелер	Оқушылардың экологиялық санасы қалыптасты
7	Шығармашылық қабілеттерді дамыту	«Шабыт» жобасы, байқаулар, көрмелер, шығармашылық шеберханалар	Білім алушылардың шығармашылық қабілеттері мен бастамашылдығы дамыды
8	Салауатты өмір салтын қалыптастыру	Спорттық жарыстар, денсаулық күндері, эстафеталар	Спортпен шұғылдануға және салауатты өмір салтын ұстануға қызығушылық артты

Тәрбиеленушілермен жұмыс

- Білім алушылардың сабақтан тыс уақыттағы бос уақыты тиімді ұйымдастырылды.
- Жеке әңгімелесулер мен консультациялар өткізілді.
- Балалардың бейімделуі мен әлеуметтенуіне қолдау көрсетілді.
- Құқық бұзушылықтар мен буллингтің алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізілді.
- Білім алушылардың шығармашылық, спорттық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға жағдай жасалды.

Қорытынды

2025–2026 оқу жылы ішінде тәрбиешілер мектептің тәрбие міндеттерін жүзеге асыру бағытында жүйелі әрі нәтижелі жұмыстар жүргізді. Барлық іс-шаралар тәрбие жұмысының жоспарына және «Адал азамат» бағдарламасына сәйкес өткізілді. Білім алушылар тақырыптық күндерге, шығармашылық

байқауларға, спорттық іс-шараларға және әлеуметтік жобаларға белсенді қатысты.

Жүргізілген жұмыстар білім алушылардың азаматтық жауапкершілігін, патриотизмін, мінез-құлық мәдениетін, еңбекқорлығын және салауатты өмір салтына ұмтылысын қалыптастыруға ықпал етті. Тәрбие жұмысының алға қойылған мақсаттары мен міндеттері жалпы алғанда орындалды.

22. Әлеуметтік-психологиялық қызметтің жұмысы

2025–2026 оқу жылында «Жұлдыз» облыстық санаторлық үлгідегі мектеп-интернаты» КММ әлеуметтік-психологиялық қызметінің жұмысы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, бала құқықтарын қорғау саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге, мектептің тәрбие жұмысы жоспарына және «Адал азамат» Бірыңғай тәрбие бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды.

Әлеуметтік-психологиялық қызметтің негізгі мақсаты – білім алушылардың оқуына, тәрбиесіне, әлеуметтенуіне және тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасау, олардың психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту, құқық бұзушылықтар мен девиантты мінез-құлықтың алдын алу, сондай-ақ білім беру үдерісіне қатысушыларға уақтылы әлеуметтік және психологиялық көмек көрсету болды.

2025–2026 оқу жылында мектепте 1–10 сыныптар аралығында 339 оқушы білім алды.

Қызметтің негізгі бағыттары

Әлеуметтік-психологиялық қызметтің жұмысы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

- диагностикалық жұмыс;
- консультациялық қызмет;
- профилактикалық жұмыс;
- әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу;
- ата-аналармен жұмыс;
- қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру.

Педагог-психологтың жұмыс циклограммасы

Апта күні	Уақыты	Жұмыс мазмұны
Дүйсенбі	09:00–09:30	Балалар тұратын қабаттарды таңертеңгі аралау
	09:30–11:00	Консультация беру, психодиагностика, түзету-дамыту сабақтары (оқушылар)
	11:00–11:30	Бастауыш сынып оқушыларын психологиялық сүйемелдеу (үлкен үзіліс)
	11:30–13:00	Консультация беру, психодиагностика, түзету-дамыту сабақтары (оқушылар)
	13:00–14:00	Түскі үзіліс

	14:00–14:30	Екінші ауысым оқушыларына арналған жалпы мектептік саптық жиын мен сынып сағаттарына қатысу
	14:30–16:00	Нәтижелерді өңдеу, құжаттарды рәсімдеу, сабақтарға дайындық, сұраныс бойынша жұмыс
	16:00–17:12	Психодиагностикалық және түзету-дамыту сабақтары (I ауысым оқушылары)
Сейсенбі	09:00–09:30	Балалар тұратын қабаттарды таңертеңгі аралау
	09:30–11:00	Консультация беру, психодиагностика, түзету-дамыту сабақтары (оқушылар)
	11:00–11:30	Бастауыш сынып оқушыларын психологиялық сүйемелдеу (үлкен үзіліс)
	11:30–13:00	Консультация беру, психодиагностика, түзету-дамыту сабақтары (оқушылар)
	13:00–14:00	Түскі үзіліс
	14:00–16:00	Нәтижелерді өңдеу, құжаттарды рәсімдеу, сабақтарға дайындық, сұраныс бойынша жұмыс
	16:00–17:12	Психодиагностикалық және түзету-дамыту сабақтары (I ауысым оқушылары)
Сәрсенбі	09:00–09:45	Балалар тұратын қабаттарды таңертеңгі аралау
	09:45–11:00	Консультация беру, психодиагностика, түзету-дамыту сабақтары (II ауысым оқушылары)
	11:00–11:30	Бастауыш сынып оқушыларын психологиялық сүйемелдеу (үлкен үзіліс)
	11:30–13:00	Консультация беру, психодиагностика, түзету-дамыту сабақтары (оқушылар)
	13:00–14:00	Түскі үзіліс
	14:00–16:00	Нәтижелерді өңдеу, құжаттарды рәсімдеу, сабақтарға дайындық, сұраныс бойынша жұмыс
	16:00–17:12	Психодиагностикалық және түзету-дамыту сабақтары (I ауысым оқушылары)
Бейсенбі	09:00–09:45	Балалар тұратын қабаттарды таңертеңгі аралау

	09:45–11:00	Консультация беру, психодиагностика, түзету-дамыту сабақтары (II ауысым оқушылары)
	11:00–11:30	Бастауыш сынып оқушыларын психологиялық сүйемелдеу (үлкен үзіліс)
	11:30–13:00	Консультация беру, психодиагностика, түзету-дамыту сабақтары (оқушылар)
	13:00–14:00	Түскі үзіліс
	14:00–16:00	Нәтижелерді өңдеу, құжаттарды рәсімдеу, сабақтарға дайындық, сұраныс бойынша жұмыс
	16:00–17:12	Психодиагностикалық және түзету-дамыту сабақтары (I ауысым оқушылары)
Жұма	09:00–09:45	Балалар тұратын қабаттарды таңертеңгі аралау
	09:45–11:00	Консультация беру, психодиагностика, түзету-дамыту сабақтары (II ауысым оқушылары)
	11:00–11:30	Бастауыш сынып оқушыларын психологиялық сүйемелдеу (үлкен үзіліс)
	11:30–13:00	Консультация беру, психодиагностика, түзету-дамыту сабақтары (оқушылар)
	13:00–14:00	Түскі үзіліс
	14:00–16:00	Нәтижелерді өңдеу, құжаттарды рәсімдеу, сабақтарға дайындық, сұраныс бойынша жұмыс
	16:00–17:12	Психодиагностикалық және түзету-дамыту сабақтары (I ауысым оқушылары)

Әлеуметтік педагогтың жұмыс циклограммасы

Уақыты	Жұмыс мазмұны
09:00 – 09:15	1–4 сынып оқушыларының сабаққа қатысуын бақылау
09:15 – 10:00	Педагог-психологпен бірлесіп жатын корпус қабаттарын аралау (әлеуметтік көмек пен қолдауды қажет ететін оқушыларды анықтау)
10:00 – 11:05	Анықталған жағдайларды шешу, педагогикалық ұжыммен, медицина қызметкерлерімен және мектеп-интернат әкімшілігімен өзара әрекеттесу

11:05 – 11:35	Үзіліс кезінде 1–4 сынып оқушыларының тәртібін бақылау
11:35 – 12:05	Оқушылармен жеке әңгімелесу (қажеттілігіне қарай)
12:05 – 13:00	Құжаттамамен жұмыс
13:00 – 14:00	Түскі үзіліс
14:00 – 14:15	5–10 сынып оқушыларының сабаққа қатысуын бақылау
14:15 – 14:30	Ата-аналармен және басқа да заңды өкілдермен жұмыс (сұраныс бойынша, ата-аналар чаттарына ақпарат беру)
14:30 – 15:30	Құжаттамамен жұмыс
15:30 – 16:20	Оқушылармен жеке және топтық әңгімелесу (қажеттілігіне қарай)
16:20 – 16:35	Үзіліс кезінде 5–10 сынып оқушыларының тәртібін бақылау
16:35 – 17:00	Мектептің әлеуметтік төлқұжатын, отбасы түрлері бойынша оқушылар тізімдерін жаңарту
17:00 – 17:12	Жүргізілген жұмыстар журналына жазба енгізу

Әлеуметтік-психологиялық қызметтің мақсаты

Мектеп-интернатта білім алып, сауықтырудан өтіп жатқан балалардың психологиялық денсаулығын сақтау, мектеп-интернатта қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал қалыптастыру, білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығына психологиялық қолдау көрсету және баланың мектеп-интернат жағдайындағы әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету.

Қызмет жұмысы оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып жүргізіледі және тұлғаның жан-жақты дамуының психологиялық тетіктерін іске асыруға, педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыруға, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық сауаттылығын көтеруге, сондай-ақ педагогикалық үдеріске қатысушылардың психологиялық жайлылығы мен психологиялық денсаулығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Кәсіби міндеттерді шешу және психологиялық қызметтің негізгі мақсаттарына қол жеткізу үшін осы оқу жылында жұмыс перспективалық жоспарға сәйкес келесі негізгі бағыттар бойынша жүргізілді: консультациялық, диагностикалық, түзету-дамыту, ағартушылық және әдістемелік жұмыс.

Мектеп-интернаттағы елеулі қиындықтардың бірі – оқушылар құрамының тұрақсыздығы. Балалар мектепке әртүрлі аудандардан, әртүрлі уақытта келіп түседі және мектеп-интернатта салыстырмалы түрде қысқа мерзім болады.

Олардың мектеп-интернаттағы уақыттарының басым бөлігі бейімделу кезеңіне сәйкес келеді: олар жаңа тұрмыс жағдайына, әртүрлі жастағы ұжымға, туыстары мен жақындарының қамқорлығынсыз өз бетінше өмір сүруге бейімделеді.

Балалардың оқу мен сауықтыруға келу себептерін ескерсек, олардың соматикалық және психологиялық жағдайының ерекшеліктері түсінікті. Туберкулез ошағынан оқшаулану жағдайында келген бала мектеп-интернатқа денсаулығы әлсіреген, эмоционалдық жағдайы тұрақсыз күйде қабылданады. Туберкулездің әлеуметтік сипаттағы ауру екені белгілі, сондықтан келіп жатқан оқушылардың басым бөлігі әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан болады. Олардың жақындарымен үнемі байланыс орнатуға мүмкіндігі бола бермейді.

Әлеуметтік және педагогикалық қараусыздық, психикалық дамуындағы тежелулер де жиі кездеседі. Мұның барлығы мектеп-интернат оқушыларының психологиялық денсаулық жағдайына қосымша салмақ түсіреді.

Осыған байланысты негізгі назар баланы жаңа ортаға бейімдеуге, эмоциялық күйін реттеуге, психоэмоционалдық жайсыздық пен ішкі күйзелісті азайтуға бағытталған жеке жұмыстарға аударылады.

2025–2026 оқу жылының қорытындысы бойынша:

- 339 білім алушы диагностикалық жұмыстармен қамтылды;
- 1, 5 және 10-сынып оқушыларының бейімделу деңгейіне диагностика жүргізілді;
- тәуекел тобына жататын білім алушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қамтамасыз етілді;
- білім алушыларға, ата-аналарға және педагогтерге консультациялық көмек көрсетілді;
- құқық бұзушылықтар мен жағымсыз көріністердің алдын алуға бағытталған профилактикалық іс-шаралар кешені жүзеге асырылды;
- мектептің әлеуметтік төлқұжаты жаңартылды;
- отбасы мен мектеп арасындағы өзара ынтымақтастық нығайтылды.

Қорытынды

Әлеуметтік-психологиялық қызметтің жұмысына жүргізілген талдау 2025–2026 оқу жылында қызметтің жүйелі, дәйекті және алға қойылған міндеттерге толық сәйкес жүргізілгенін көрсетті.

Жүргізілген диагностикалық зерттеулер психологиялық-педагогикалық қолдауды қажет ететін білім алушыларды дер кезінде анықтауға, оқушылардың бейімделу деңгейін бағалауға, сынып ұжымдарындағы психологиялық ахуалды және балалардың эмоционалдық жағдайын зерделеуге мүмкіндік берді.

Консультациялық, профилактикалық және әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға, кәмелетке толмағандар арасындағы жағымсыз құбылыстардың алдын алуға және білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға ықпал етті.

Мектеп-интернаттағы білім алушылар құрамының уақытша болуына қарамастан, әлеуметтік-психологиялық қызмет заманауи байланыс құралдары

арқылы ата-аналармен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етті. Бұл балаларды оқыту, тәрбиелеу және психологиялық сүйемелдеу мәселелерін дер кезінде шешуге мүмкіндік берді.

Жалпы алғанда, әлеуметтік-психологиялық қызметтің жұмысы тиімді деп танылды. Қойылған мақсаттар мен міндеттер толық көлемде орындалды. Қызмет жұмысы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіліп, білім алушылардың табысты әлеуметтенуіне, тәрбиеленуіне және жан-жақты үйлесімді дамуына ықпал етті.

23. Үйірме және секциялық жұмыстар

2025–2026 оқу жылында үйірме және секциялық жұмыстар білім алушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді ұйымдастыруға, олардың шығармашылық қабілеттерін, зияткерлік әлеуетін, дене белсенділігін, азаматтық жауапкершілігін және әлеуметтік белсенділігін дамытуға бағытталды.

Үйірмелер мен спорт секцияларының жұмысы бекітілген кестеге сәйкес ұйымдастырылып, қызметтің әртүрлі бағыттарын қамтыды: көркем-эстетикалық, спорттық, зияткерлік, азаматтық-патриоттық, әлеуметтік-еріктілік және мәдени-ағартушылық бағыттар.

2025–2026 оқу жылында мектептегі білім алушылардың жалпы саны 339 оқушыны құрады.

Білім алушыларды үйірме және секциялық жұмыстармен қамту

№	Үйірме (секция) атауы	Қызмет бағыты	Білім алушылар саны	Қамтылу пайызы
1	«Адал Ұрпақ» клубы	Азаматтық-патриоттық бағыт	35	10,3 %
2	«Жас Ұлан» клубы	Көшбасшылық және патриоттық тәрбие	40	11,8 %
3	«Жас Қыран» клубы	Азаматтық-патриоттық бағыт	30	8,8 %
4	«Мектеп Парламенті» клубы	Өзін-өзі басқару және көшбасшылық	25	7,4 %
5	«Мектеп театры» үйірмесі	Көркем-эстетикалық бағыт	42	12,4 %
6	«Қамқорлық» үйірмесі	Еріктілік қызмет	30	8,8 %
7	«Шахмат және дойбы» секциясы	Зияткерлік даму	28	8,2 %
8	«Үстел теннисі» секциясы	Спорттық бағыт	32	9,4 %
9	«Ұлттық ойындар» секциясы	Ұлттық ойындар мен дәстүрлер	35	10,3 %
10	Спорттық секциялар мен спорт кешеніндегі сабақтар	Дене дамуы	43	12,6 %

Үйірме және секциялық жұмыстармен қамтылған білім алушылардың жалпы саны – 339 оқушы (100%).

Жұмыстың негізгі нәтижелері

Оқу жылы бойы білім алушылар үйірмелер мен секциялардың жұмысына, мектепішілік іс-шараларға, байқауларға, спорттық жарыстарға, шығармашылық жобаларға және әлеуметтік акцияларға белсенді қатысты.

Үйірмелер мен секциялар жұмысының нәтижесінде төмендегідей көрсеткіштерге қол жеткізілді:

- білім алушылардың сабақтан тыс уақыттағы бос уақыты тиімді ұйымдастырылды;
- балалардың шығармашылық, зияткерлік және дене қабілеттерін дамытуға жағдай жасалды;
- көшбасшылық, топпен жұмыс жасау және әлеуметтік жауапкершілік дағдылары қалыптастырылды;
- мектептің өзін-өзі басқару қызметі ұйымдастырылды;
- білім алушылардың әлеуметтік маңызы бар жобаларға қатысу мүмкіндіктері кеңейтілді;
- кітап оқуға, театр өнеріне, ұлттық дәстүрлерге және салауатты өмір салтына қызығушылық артты;
- білім алушылардың мектепішілік, аудандық және облыстық іс-шараларға қатысуы қамтамасыз етілді.

Азаматтық-патриоттық тәрбиені дамытуға «Адал Ұрпақ», «Жас Ұлан», «Жас Қыран», «Мектеп Парламенті» клубтарының қызметі арқылы ерекше көңіл бөлінді. Сонымен қатар «Қамқорлық» үйірмесінің жұмысы арқылы білім алушылардың еріктілік қасиеттерін қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Білім алушылардың едәуір бөлігі спорттық-сауықтыру қызметіне және зияткерлік бағыттағы секцияларға тартылды.

Қорытынды

Үйірме және секциялық жұмыстарды талдау 2025–2026 оқу жылында мектепте білім алушылардың мазмұнды бос уақытын ұйымдастыруға және жан-жақты дамуына қажетті жағдайлардың жасалғанын көрсетті. Үйірмелер мен секциялардың жұмысы жүйелі негізде жүргізіліп, оқушылардың сабақтан тыс уақыттағы қамтылу деңгейінің жоғары болуын қамтамасыз етті.

Үйірме және секциялық жұмыстармен қамту көрсеткіші білім алушылардың жалпы санының 100%-ын құрады. Бұл мектептегі қосымша білім беру жүйесінің тиімді ұйымдастырылғанын көрсетеді.

Бірлестіктердің жұмысы білім алушылардың шығармашылық әлеуетін, зияткерлік қабілеттерін, дене белсенділігін, азаматтық жауапкершілігін және әлеуметтік бейімделуін дамытуға ықпал етті.

Жалпы алғанда, үйірмелер мен секциялардың қызметі мектептің тәрбие жүйесінің міндеттеріне сәйкес келеді және білім алушылардың жан-жақты дамуына қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.

VI. БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАСҚАРУ

24. Мектепшілік бақылау

2025–2026 оқу жылында мектепшілік бақылау бекітілген мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес жүзеге асырылды және білім беру үдерісінің сапасын қамтамасыз етуге, нормативтік құжаттар талаптарының орындалуын бақылауға, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға және білім алушылардың жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуіне бағытталды.

Бақылаудың негізгі бағыттары мыналар болды: нормативтік құжаттардың орындалуы және мектеп құжаттамасының жүргізілуі, оқу үдерісінің сапасын бақылау, білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, оқу-зерттеу қызметі, педагогтердің әдістемелік даярлық деңгейін бақылау және тәрбие жұмысының сапасын бақылау.

Мектепшілік бақылау жүйесі кешенді және үздіксіз сипатта жүргізіліп, проблемалық мәселелерді дер кезінде анықтауға, басқарушылық шешімдер қабылдауға және педагогтерге мақсатты әдістемелік көмек көрсетуге мүмкіндік берді.

Мектепшілік бақылаудың негізгі бағыттары

Бақылау бағыты	Жұмыс мазмұны
Оқу үдерісінің сапасын бақылау	Сабақтарға қатысу және талдау жүргізу, оқу пәндерінің оқытылу сапасын мониторингілеу, оқу бағдарламаларының орындалуын бақылау
Мектеп құжаттамасын бақылау	Сынып журналдарын, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды, қысқа мерзімді жоспарларды, BilimClass электрондық журналын жүргізуді тексеру
Оқушылардың білім сапасын бақылау	БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау, кіріс бақылауын өткізу, үлгерім мен білім сапасына мониторинг жүргізу
Тәрбие жұмысының сапасын бақылау	Тәрбие жұмысы жоспарларын, сынып жетекшілері мен тәрбиешілердің қызметін тексеру
Оқыту мен тәрбиелеу жағдайларын бақылау	Ыстық тамақтандыруды ұйымдастыруды, медициналық сүйемелдеуді, үйірмелер мен секциялардың жұмысын бақылау
Нормативтік талаптардың сақталуын бақылау	Мемлекеттік қызметтердің көрсетілуін, қауіпсіздік техникасының сақталуын, «Тіл туралы» заңның және басқа да нормативтік құжаттардың орындалуын тексеру

2025–2026 оқу жылы бойы мектеп әкімшілігі тарапынан тақырыптық, фронтальды, дербес және жедел бақылаулар жүргізілді. Бақылау аясында оқу бағдарламаларының орындалуы, бағалаудың объективтілігі, білім беру үдерісінің ұйымдастырылуы, мектеп құжаттамасының жүргізілуі, білімінде олқылықтары бар оқушылармен жұмыс, сондай-ақ әдістемелік

бірлестіктердің, сынып жетекшілерінің және тәрбиешілердің қызметі қамтылды. Бақылау нәтижелері бойынша талдамалық анықтамалар, хаттамалар, ұсынымдар әзірленіп, тиісті басқарушылық шешімдер қабылданды.

Тамыз

Негізгі назар мектептің жаңа оқу жылына дайындығына аударылды. Оқу кабинеттерінің, оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің, оқушылардың жеке істерінің, мемлекеттік қызмет көрсету құжаттамасының және қауіпсіздік техникасы журналдарының дайындығына тексеру жүргізілді. Педагогтерге мектеп құжаттамасын жүргізу, күнтізбелік-тақырыптық және қысқа мерзімді жоспарлау, БЖБ мен ТЖБ нәтижелерін талдау бойынша нұсқаулықтар өткізілді. Бақылау қорытындысы бойынша мектеп жаңа оқу жылына дайын деп танылды.

Қыркүйек

Білім алушылардың білім сапасына кіріс бақылауын жүргізу және білім беру үдерісіне қатысушылардың жаңа оқу жылына бейімделуі басым бағыт болды. Кіріс диагностикалық жұмыстар арқылы оқушылардың білім деңгейіне мониторинг жүргізілді, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау, оқушылардың жеке істері, тәрбие жұмысының жоспарлары және педагогтердің қысқа мерзімді жоспарлары тексерілді. Оқыту сапасын бақылау аясында әкімшілік тарапынан көркем-эстетикалық, қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық цикл пәндерінің сабақтарына қатысу ұйымдастырылды. Қазақстан халқы тілдері онкүндігін өткізу кезеңіндегі білім беру үдерісін ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінді.

Қазан

Қазан айында BilimClass электрондық журналын жүргізу сапасына бақылау жүргізіліп, оқушылардың күнделіктері мен оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі тексерілді. Қысқа мерзімді жоспарлау, тамақтандыруды ұйымдастыру және сынып жетекшілерінің қызметі мониторингтен өткізілді. Бастауыш сыныптар онкүндігі барысында бастауыш сынып мұғалімдерінің сабақтарына қатысу арқылы оқыту сапасы бақыланды. Талдау нәтижелері оқу үдерісінің жеткілікті деңгейде ұйымдастырылғанын және құжаттаманы жүргізу талаптарының сақталғанын көрсетті.

Қараша

Айдың негізгі бағыты бірінші тоқсан қорытындыларын бақылау болды. БЖБ және ТЖБ нәтижелеріне, оқушылардың білім сапасына, бағалаудың объективтілігіне және оқу бағдарламаларының орындалуына талдау жүргізілді. Бастауыш сыныптардың әдістемелік бірлестігінің қызметі, көркем-эстетикалық цикл және қоғамдық-гуманитарлық бағыт пәндерінің оқытылу сапасы зерделенді. Мониторинг қорытындысы бойынша білім алушылардың жекелеген санаттарының білім сапасын арттыруға бағытталған ұсынымдар әзірленді.

Желтоқсан

Желтоқсан айында бақылау нормативтік талаптардың орындалуына, дене шынықтыру, алғашқы әскери және технологиялық дайындық және көркем

еңбек пәндерінің оқытылу сапасына бағытталды. Электрондық журналдардың жүргізілу сапасы, қысқа мерзімді жоспарлау және тамақтандыруды ұйымдастыру құжаттамасы тексерілді. Оқу бағдарламаларының практикалық бөлігінің орындалуына және білім алушыларды екінші оқу кезеңінің қорытындысына дайындауға ерекше назар аударылды.

Қаңтар

Қысқы демалыстан кейін бастауыш сынып пәндері, музыка және жаһандық құзыреттер пәндерінің оқытылу сапасына мониторинг жүргізілді. Жергілікті бақылау түрі ретінде 5–11 сынып оқушыларының дәптерлерін жүргізуде бірыңғай орфографиялық талаптардың сақталуы тексерілді. Сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету құжаттамасы мен қауіпсіздік техникасы журналдарына бақылау жүргізілді. Екінші тоқсан аяқталғаннан кейінгі білім беру үдерісін ұйымдастыруға және оқу нәтижелерін талдауға ерекше көңіл бөлінді.

Ақпан

Бақылаудың негізгі бағыты білім сапасын арттыру және оқу мотивациясы төмен білім алушыларды сүйемелдеу жұмыстары болды. Әдістемелік бірлестіктердің қызметі, қосымша сабақтардың ұйымдастырылуы, цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану, дене шынықтыру және алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәндерінің оқытылу сапасы тексерілді. Білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің тиімділігі мен білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстарының ұйымдастырылуына мониторинг жүргізілді.

Наурыз

Наурыз айында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мәселесіне ерекше назар аударылды. Қоғамдық-гуманитарлық цикл пәндерінің оқытылуы, пәндік онкүндіктердің өткізілу сапасы және заманауи білім беру технологияларын пайдалану тиімділігі бақыланды. Оқушылардың оқу сауаттылығын, жаратылыстану-ғылыми және тілдік сауаттылығын дамыту жұмыстары талданды. Сонымен қатар бітіруші және бейіналды сыныптардағы оқыту сапасына бақылау жүргізілді.

Сәуір

Сәуір айында шет тілдері, тарих, еңбекке баулу пәндерінің оқытылуына және жас педагогтердің қызметіне фронтальды бақылау жүргізілді. Аттестаттаудан өтетін педагогтердің қызметіне мониторинг жасауға, жас мамандардың сабақтарын талдауға және білім алушыларды қорытынды бағалау рәсімдеріне дайындауға ерекше көңіл бөлінді. BilimClass журналдары, қысқа мерзімді жоспарлардың сапасы және оқу бағдарламаларының орындалуы тексерілді.

Мамыр

Мамыр айында жұмыс оқу бағдарламаларының орындалуына, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жүзеге асырылуына, мектеп құжаттамасының жүргізілуіне және білім алушылардың білім нәтижелерінің сапасына қорытынды бақылау жүргізілді. Төртінші тоқсан мен оқу жылының қорытындылары, әдістемелік бірлестіктердің, тәрбие және

әлеуметтік-психологиялық қызметтердің жұмысы талданды. Педагогикалық кеңеске арналған талдамалық материалдарды әзірлеуге және жаңа оқу жылына жоспар құруға ерекше назар аударылды.

Мектепшілік бақылау нәтижелері

Іске асырылған мектепшілік бақылау жүйесі проблемалық мәселелерді дер кезінде анықтауға, қажетті басқарушылық шешімдер қабылдауға және педагогтерге мақсатты әдістемелік көмек көрсетуге мүмкіндік берді.

Бақылау іс-шараларының нәтижесінде жұмыс оқу бағдарламаларының толық орындалуы қамтамасыз етілді, білім алушылардың 100 пайыздық үлгерімі сақталды, мектеп құжаттамасының сапалы жүргізілуі қамтамасыз етілді, әдістемелік жұмыстың тиімділігі мен мектепшілік білім сапасын басқару жүйесінің нәтижелілігі артты.

Көрсеткіш	Нәтиже
Сабақтарға қатысу және талдау жүргізу	Жылдық жоспарға сәйкес орындалды
BilimClass электрондық журналдарына мониторинг жүргізу	Ай сайын жүргізілді
КТЖ және ҚМЖ-ны бақылау	Анықталған ескертулер уақтылы түзетілді
БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау	Әр тоқсанның қорытындысы бойынша жүргізілді
Тәрбие жұмысына бақылау жүргізу	Толық көлемде орындалды
Тамақтандыруды ұйымдастыру мен медициналық сүйемелдеуді бақылау	Білім алушылардың қауіпсіздігіне әсер ететін бұзушылықтар анықталған жоқ
Құжаттаманы тексеру	Құжаттаманы жүргізу белгіленген талаптарға сәйкес келеді

25. Оқу бағдарламаларының орындалуына мониторинг

2025–2026 оқу жылы бойы мектеп әкімшілігі оқу жоспарына енгізілген барлық пәндер бойынша оқу бағдарламаларының орындалуына тұрақты мониторинг жүргізді. Бақылау күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды талдауды, оқу сабақтарының мазмұнының мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкестігін, бағдарламалардың практикалық бөлігінің орындалуын, жиынтық бағалаудың жүргізілуін және бағдарламалық материалдың уақтылы меңгерілуін қамтыды. Әсіресе жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық және көркем-эстетикалық цикл пәндері бойынша бағдарламалардың орындалуына ерекше назар аударылды.

Мониторинг қорытындысы бойынша оқу бағдарламаларының толық көлемде орындалғаны, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлаудың бекітілген жұмыс бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылғаны және бағдарламалық материалды меңгеруде артта қалушылықтардың анықталмағаны белгілі болды. БЖБ және ТЖБ нәтижелерін жүйелі талдау білім беру үдерісін

уақытылы түзетуге және білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға мүмкіндік берді.

26. Мектеп құжаттамасын жүргізуді талдау

Мектеп құжаттамасының жүргізілуіне бақылау оқу жылы бойы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылды. Сынып журналдары, BilimClass электрондық жүйесі, күнтізбелік-тақырыптық және қысқа мерзімді жоспарлау құжаттары, білім алушылардың жеке істері, қауіпсіздік техникасы журналдары, мемлекеттік қызмет көрсету құжаттамасы, тәрбие жұмысының жоспарлары және басқа да міндетті құжаттар тексерілді.

Ай сайын BilimClass электрондық журналдарын жүргізу сапасына, бағалардың уақытылы қойылуына, сабақ тақырыптарының толтырылуына және оқу бағдарламаларының орындалуына мониторинг жүргізілді. Педагогтерге құжаттарды рәсімдеу, КТЖ мен ҚМЖ әзірлеу, БЖБ және ТЖБ нәтижелерін талдау мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсетілді.

Тексеру қорытындылары бойынша құжаттаманы жүргізуде елеулі бұзушылықтар анықталған жоқ. Ескертулер жұмыс тәртібіндегі сипатта болып, педагогтер тарапынан дер кезінде түзетіліп отырды.

27. Оқу пәндерін оқыту сапасын бақылау

Оқу пәндерін оқыту сапасын бақылау мектепшілік бақылаудың негізгі бағыттарының бірі болды. Оқу жылы бойы мектеп әкімшілігі бекітілген кестеге сәйкес педагогтердің сабақтарына жүйелі түрде қатысып отырды. Бақылау барлық білім беру салаларын қамтыды: бастауыш сыныптар, тілдік пәндер, жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер, қоғамдық-гуманитарлық пәндер, көркем-эстетикалық цикл, дене шынықтыру және басқа бағыттар.

Сабақтарға қатысудың негізгі мақсаттары:

- оқушылардың оқу қызметін ұйымдастыру сапасын бақылау;
- педагогтердің оқыту сапасы мен әдістемелік даярлық деңгейін бағалау;
- қолданылатын білім беру технологияларының тиімділігін зерделеу;
- саралап оқыту тәсілдері мен қалыптастырушы бағалаудың қолданылуын талдау;
- тиімді педагогикалық тәжірибені анықтау және тарату;
- педагогтерге мақсатты әдістемелік көмек көрсету.

Бақылау барысында сабақтарға қатысу, қысқа мерзімді жоспарларды талдау, оқушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелерін зерделеу, педагогтермен әңгімелесу және берілген ұсынымдардың орындалуына мониторинг жүргізу жұмыстары жүзеге асырылды. Пәндік онкүндіктерді ұйымдастыруға, әдістемелік бірлестіктер аясындағы оқыту сапасына және цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект элементтерін қоса алғанда, заманауи білім беру технологияларын қолдануға ерекше назар аударылды.

Бақылау нәтижелері педагогтердің басым көпшілігі оқу үдерісін сапалы ұйымдастыратынын, заманауи оқыту әдістерін тиімді пайдаланатынын,

оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға және жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуге қолайлы жағдай жасайтынын көрсетті.

Сабақтарға қатысу қорытындылары бойынша педагогтерге кәсіби шеберлікті одан әрі жетілдіруге және оқыту сапасын арттыруға бағытталған ұсынымдар берілді.

2026–2027 оқу жылына арналған ұсынымдар

- Оқу пәндерін оқыту сапасына жүйелі мониторинг жүргізуді жалғастыру.
- Оқушылардың білім сапасын арттыру бойынша жұмыстардың нәтижелілігін бақылауды күшейту.
- Жас мамандарды сүйемелдеу жұмыстарын жетілдіру.
- BilimClass жүйесі арқылы мектепшілік бақылау үдерістерін цифрландыруды жалғастыру.
- Білім беру үдерісін уақытылы түзету мақсатында БЖБ және ТЖБ нәтижелері бойынша талдамалық жұмысты күшейту.
- Сабақтарға қатысу қорытындылары негізінде педагогтерге мақсатты әдістемелік көмек көрсету тәжірибесін жалғастыру.

VII. ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

28. Оқу-әдістемелік жұмыс

2025–2026 оқу жылындағы оқу-әдістемелік жұмыс мектептің «Қазақстан Республикасы МЖМБС талаптарын іске асыру жағдайында білім беру сапасын жетілдіру, білім мазмұнын және педагогикалық технологияларды жаңарту» атты әдістемелік тақырыбын жүзеге асыруға бағытталды.

Негізгі мақсат педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, заманауи білім беру технологияларын енгізу және білім беру үдерісінің сапасын жетілдіру болды.

Жылдық жоспарға сәйкес әдістемелік қызметтің келесі басым бағыттары айқындалды:

- педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- педагогтерді аттестаттау;
- озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жинақтау және тарату;
- жас мамандарға қолдау көрсету;
- әдістемелік бірлестіктердің қызметін ұйымдастыру;
- педагогикалық кеңестер мен әдістемелік кеңестер өткізу;
- цифрлық білім беру технологияларын енгізу;
- мектепшілік білім сапасын бақылау жүйесін жетілдіру.

29. Әдістемелік бірлестіктердің жұмысы

Мектепте келесі әдістемелік бірлестіктер жұмыс істеді:

- бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі;
- қоғамдық-гуманитарлық цикл пәндері әдістемелік бірлестігі;
- жаратылыстану-математикалық цикл пәндері әдістемелік бірлестігі;
- көркем-эстетикалық бағыттағы пәндер әдістемелік бірлестігі;
- дене шынықтыру, алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәндері әдістемелік бірлестігі;
- тәрбиешілер мен оқу-көмекші қызмет әдістемелік бірлестігі.

Әдістемелік бірлестіктердің жұмысы бекітілген жоспарларға сәйкес жүргізілді. Оқу жылы барысында әдістемелік бірлестік отырыстары, ашық сабақтар, өзара сабаққа қатысу, әдістемелік консультациялар ұйымдастырылып, пәндерді оқыту сапасы мен білім алушылардың оқу нәтижелеріне талдау жүргізілді.

30. Әдістемелік кеңестің жұмысы

2025–2026 оқу жылында әдістемелік кеңестің қызметі бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылып, педагогикалық ұжымның әдістемелік қызметін үйлестіруге, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға, оқыту сапасын жетілдіруге және заманауи білім беру технологияларын енгізуге бағытталды.

Әдістемелік кеңес мектептің әдістемелік қызметін үйлестіруші орган ретінде мектеп әкімшілігінің, әдістемелік бірлестік жетекшілерінің және педагог қызметкерлердің білім беру үдерісін жетілдіру мәселелері бойынша өзара тиімді іс-қимылын қамтамасыз етті.

Әдістемелік кеңес қызметінің негізгі бағыттары

- мектептің әдістемелік жұмыс жүйесін жетілдіру;

- әдістемелік бірлестіктердің қызметін үйлестіру;
- жас педагогтерді сүйемелдеу;
- педагогтерді аттестаттауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;
- озық педагогикалық тәжірибені тарату;
- оқу-әдістемелік материалдарды қарастыру және сараптау;
- пәндерді оқыту сапасы мен білім алушылардың оқу нәтижелерін талдау;
- білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту.

Әдістемелік кеңес отырыстары

Оқу жылы ішінде әдістемелік кеңестің 5 отырысы өткізілді.

Отырыс №	Қаралған негізгі мәселелер
Тамыз (№1)	2024–2025 оқу жылындағы әдістемелік жұмысты талдау, әдістемелік бірлестіктердің жоспарларын бекіту, оқу-әдістемелік материалдарды, факультативтік және таңдау курстарының бағдарламаларын қарастыру
Қараша (№2)	Оқушылардың олимпиадалар мен байқауларға қатысуы, үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс, педагогтерді аттестаттаудың тиімділігі, бастауыш сыныптар әдістемелік бірлестігінің жұмысын талдау
Қаңтар (№3)	Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, жас педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету, жаратылыстану-математикалық цикл әдістемелік бірлестігінің жұмысын талдау
Наурыз (№4)	Сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру, озық педагогикалық тәжірибені тарату, қоғамдық-гуманитарлық және көркем-эстетикалық бағыттағы әдістемелік бірлестіктердің жұмысын талдау
Мамыр (№5)	Әдістемелік жұмыстың қорытындысын шығару, әдістемелік бірлестіктердің қызметін талдау, келесі оқу жылына педагогтерді аттестаттау мен біліктілікті арттыру курстарын жоспарлау

Әдістемелік кеңес қызметінің нәтижелері

Әдістемелік кеңестің жұмысы барысында келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

- білім беру бағдарламаларын іске асыруға әдістемелік сүйемелдеу қамтамасыз етілді;
- мектептің барлық әдістемелік бірлестіктерінің қызметі ұйымдастырылды;
- педагогтердің оқу-әдістемелік материалдарына сараптама жүргізіліп, келісілді;
- жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсетілді;
- педагогтерді аттестаттауға даярлау жұмыстары ұйымдастырылды;

- білім алушылардың олимпиадаларға, байқауларға және зияткерлік іс-шараларға қатысуына мониторинг жүргізілді;
- ашық сабақтар, пәндік онкүндіктер және әдістемелік іс-шаралар арқылы тиімді педагогикалық тәжірибе таратылды.

Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру жұмысы

Оқу жылы барысында төмендегі жұмыстар жүргізілді:

- оқыту және бағалау мәселелері бойынша әдістемелік консультациялар ұйымдастырылды;
- аттестаттаудан өтетін педагогтерге әдістемелік сүйемелдеу көрсетілді;
- жас мамандардың сабақтарына қатысу арқылы әдістемелік көмек берілді;
- біліктілікті арттыру курстарынан өту бойынша мониторинг жүргізілді;
- инновациялық педагогикалық технологияларды зерделеу және енгізу жұмыстары жүзеге асырылды.

Жыл қорытындысы бойынша педагогтердің кәсіби белсенділігінің артқаны, мұғалімдердің әдістемелік мәдениетінің жетілгені және оқу сабақтарын дайындау сапасының жақсарғаны байқалды.

31. Педагогикалық кеңестерді өткізу

2025–2026 оқу жылында педагогикалық кеңестер білім беру үдерісін ұжымдық басқарудың негізгі нысандарының бірі болып табылды және білім беру сапасын жетілдіруге, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, мектептің тәрбие жүйесін дамытуға және білім беру ұйымының стратегиялық міндеттерін орындауды қамтамасыз етуге бағытталды.

Педагогикалық кеңестің жұмысы бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүзеге асырылды.

Оқу жылы барысында білім беру үдерісін ұйымдастырудың өзекті мәселелері, тәрбие жұмысы, білім беруді цифрландыру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және оқу жылының қорытындыларын шығару мәселелері қаралған 5 педагогикалық кеңес өткізілді.

Педагогикалық кеңестердің тақырыптары

Өткізу мерзімі	Педагогикалық кеңестің тақырыбы
Тамыз	2025–2026 оқу жылындағы білім беру саясаты және мектептің басым бағыттары
Қараша	Жалпы орта білім беру ұйымындағы «Адал азамат» тәрбие бағдарламасы
Қаңтар	Білім беру үдерісіндегі ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологиялар
Наурыз	Мектеп-интернат жағдайында оқушылар мен тәрбиеленушілердің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру
Мамыр	2025–2026 оқу жылының қорытындылары

Педагогикалық кеңестерде қаралған негізгі мәселелер

1. Тамыз педагогикалық кеңесі

Бірінші отырыста жаңа оқу жылына арналған мектеп қызметінің басым бағыттары айқындалып, мектептің жылдық жұмыс жоспары, әдістемелік бірлестіктердің жоспарлары, педагогикалық кеңестің құрамы бекітілді. Сонымен қатар ұйымдастыру-шаруашылық қызмет мәселелері, тәрбие жұмысын ұйымдастыру және педагогикалық әдеп талаптарын сақтау мәселелері қарастырылды.

2. Қараша педагогикалық кеңесі

Педагогикалық кеңес «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру, мектеп-интернат жағдайындағы білім алушылардың бейімделуі мен әлеуметтенуі, оқушыларды патриоттық тәрбиелеудегі сынып жетекшісінің рөлі мәселелеріне арналды. Сондай-ақ Қазақстан халқы тілдері онкүндігінің, бастауыш сыныптар онкүндігінің қорытындылары шығарылып, бірінші тоқсандағы оқу нәтижелеріне талдау жасалды.

3. Қаңтар педагогикалық кеңесі

Негізгі назар білім беру үдерісін цифрландыру мәселелеріне аударылды. Цифрлық білім беру ортасын дамыту, педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін арттыру, оқытуда жасанды интеллектті пайдалану, цифрлық білім беру ресурстарын енгізу және екінші тоқсан қорытындысы бойынша оқу нәтижелерін талдау мәселелері қарастырылды.

Сабақтарда жасанды интеллект технологияларын қолдану және педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін дамыту мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді. Бұл мектептің инновациялық қызметінің басым бағыттарының бірі болды.

4. Наурыз педагогикалық кеңесі

Отырыстың тақырыбы білім алушылар мен тәрбиеленушілердің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру болды. Сабақтар мен сабақтан тыс іс-әрекет барысында функционалдық сауаттылықты дамыту, мектеп-интернат тәрбиеленушілерінің бос уақытын ұйымдастыру мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар қоғамдық-гуманитарлық және көркем-эстетикалық циклдер онкүндіктерінің қорытындылары шығарылды.

5. Мамыр педагогикалық кеңесі

Қорытынды педагогикалық кеңесте оқу жылындағы білім беру қызметінің нәтижелері қарастырылып, МЖМБС талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларының орындалуына талдау жасалды. «Адал азамат» тәрбие бағдарламасының іске асырылуы, әдістемелік бірлестіктердің, тәрбие, кітапхана және әлеуметтік-психологиялық қызметтердің жұмыстарының қорытындылары шығарылды.

Педагогикалық кеңес жұмысының нәтижелері

Педагогикалық кеңес жұмысы барысында келесі бағыттар бойынша басқарушылық шешімдер қабылданды:

- білім беру мен тәрбиенің сапасын арттыру;
- әдістемелік жұмысты жетілдіру;

- оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту;
- білім беру үдерісіне цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект элементтерін енгізу;
- тәрбие жұмысы жүйесін жетілдіру;
- педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру;
- мектепшілік бақылау мен білім сапасын мониторингілеу жүйесін дамыту.

Қорытынды

2025–2026 оқу жылындағы педагогикалық кеңестер мектептің білім беру саясатының өзекті мәселелерін талқылаудың, қызмет нәтижелерін талдаудың және ұжымдық басқарушылық шешімдер қабылдаудың тиімді алаңы болды.

Қаралған мәселелер тәжірибеге бағытталған сипатта болып, білім беру үдерісінің сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға және мектеп-интернаттың стратегиялық міндеттерін жүзеге асыруға ықпал етті.

32. Пәндік онкүндіктерді өткізу

Оқу-әдістемелік жұмыс жоспарына сәйкес 2025–2026 оқу жылы бойы білім алушылардың танымдық қызығушылығын дамытуға, пәндерді оқуға деген ынтасын арттыруға, дарынды балаларды анықтауға және қолдауға, сондай-ақ озық педагогикалық тәжірибені таратуға бағытталған пәндік онкүндіктер өткізілді.

Пәндік онкүндіктерді өткізу кестесі

Өткізу мерзімі	Онкүндік атауы	Қатысушылар санаты
05–19 қыркүйек	Қазақстан халқы тілдері онкүндігі	1–11 сыныптар, 1–3 жасақтар
01–13 қазан	Бастауыш сыныптар онкүндігі	1–4 сыныптар
17–27 қараша	Жаратылыстану-математикалық цикл пәндері онкүндігі	5–11 сыныптар
19–29 қаңтар	Қоғамдық-гуманитарлық цикл пәндері онкүндігі	5–11 сыныптар
09–19 ақпан	Көркем-эстетикалық цикл пәндері онкүндігі	5–11 сыныптар
20–30 сәуір	Дене шынықтыру және АӘТД пәндері онкүндігі	5–11 сыныптар

Пәндік онкүндіктер аясында ұйымдастырылған іс-шаралар

Пәндік онкүндіктер барысында төмендегідей іс-шаралар ұйымдастырылды:

- ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар;
- зияткерлік ойындар, викториналар және байқаулар;
- пәндік олимпиадалар мен шығармашылық көрмелер;
- педагогтердің шеберлік сабақтары;
- спорттық жарыстар мен әскери-патриоттық іс-шаралар;
- ашық сынып сағаттары мен тәрбиелік іс-шаралар.

Өткізілген онкүндіктер:

- оқушылардың оқытылатын пәндерге деген қызығушылығын арттыруға;
- білім алушылардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға;
- функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға;
- тәжірибе алмасу арқылы мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіруге;
- пәнаралық байланыстарды нығайтуға және оқушылардың зерттеушілік қызметін дамытуға ықпал етті.

33. Жас педагогтермен жұмыс

2025–2026 оқу жылындағы оқу-әдістемелік жұмыстың маңызды бағыттарының бірі жас педагогтерді кәсіби бейімдеу, педагогикалық шеберлігін дамыту және кәсіби өсуге тұрақты ынтасын қалыптастыру мақсатында оларды сүйемелдеу болды. Жұмыс жас педагогтермен жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылды.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері

Жұмыстың негізгі мақсаты – жас мамандардың психологиялық-педагогикалық және ғылыми-әдістемелік құзыреттілігін жетілдіру, олардың жалпы және кәсіби мәдениетін арттыру, ғылыми-теориялық білімдерін жаңарту болды.

Жұмыс барысында келесі міндеттер шешілді:

- жас педагогтердің педагогикалық ұжымға бейімделуін қамтамасыз ету;
- еңбек жолын жаңадан бастаған мамандардың кәсіби даярлық деңгейін анықтау;
- кәсіби қиындықтарды анықтау және жою;
- жас педагогтің шығармашылық даралығын дамыту;
- заманауи сабақты ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру;
- үздіксіз кәсіби өзін-өзі жетілдіруге деген қажеттілікті дамыту;
- оқушылармен және ата-аналармен өзара әрекеттесу дағдыларын жетілдіру.

Жұмысты ұйымдастыру

Жас педагогтерді сүйемелдеу үшін тәжірибелі мұғалімдер қатарынан тәлімгерлер тағайындалды. Жұмыс жеке сүйемелдеу негізінде ұйымдастырылып, келесі бағыттарды қамтыды:

- қысқа мерзімді жоспарларды құрастыру бойынша консультациялар;
- мектеп құжаттамасын жүргізуге көмек көрсету;
- тәлімгерлердің сабақтарына қатысу;
- өзара сабаққа қатысу;
- сабақтарды талдау және өзіндік талдау бойынша практикалық жұмыстар;
- әдістемелік іс-шараларға, шеберлік сабақтарына және коучингтерге қатысу;
- жас мамандарға психологиялық қолдау көрсету.

Оқу жылы ішінде өткізілген негізгі іс-шаралар

Айы	Жұмыс мазмұны
Тамыз	Тәлімгерлерді бекіту, ішкі тәртіп қағидаларымен және білім беру үдерісін ұйымдастыру ерекшеліктерімен таныстыру
Қыркүйек	Нормативтік құжаттарды, оқу бағдарламаларын және нұсқаулық-әдістемелік хаттарды зерделеу
Қазан	Заманауи сабақтың әдістемелік негіздері, тәлімгерлердің сабақтарына қатысу
Қараша	Заманауи білім беру технологиялары және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру
Желтоқсан	«Стратегиялар» тақырыбындағы коучинг
Қаңтар	Оқу мотивациясының деңгейі әртүрлі оқушылармен жұмыс жүргізу
Ақпан	Заманауи сабақта мақсат қою және сабақ жобалау
Наурыз	«Заманауи сабаққа қойылатын әдістемелік талаптар» тақырыбындағы коучинг
Сәуір	Жас педагогтердің шығармашылық әдістемелік апталығы, ашық сабақтар және шығармашылық есептер
Мамыр	Жұмыс қорытындыларын шығару, жас мамандардың кәсіби қиындықтарына талдау жүргізу

Жас педагогтерге әдістемелік көмек көрсету

Оқу жылы бойы жас мамандарға келесі мәселелер бойынша мақсатты әдістемелік көмек көрсетілді:

- мектеп құжаттамасын жүргізу;
- күнтізбелік-тақырыптық және сабақ жоспарын құрастыру;
- заманауи сабақты ұйымдастыру;
- заманауи білім беру технологияларын қолдану;
- сабақтан тыс іс-шараларды өткізу;
- педагогикалық қызметті өзіндік талдау дағдыларын қалыптастыру.

Тәлімгерлердің сабақтарына қатысуға және педагогикалық тәжірибе алмасуға ерекше көңіл бөлінді. Жас педагогтер мектепшілік іс-шараларды ұйымдастыруға, әдістемелік бірлестіктер жұмысына және кәсіби байқауларға белсенді түрде тартылды.

Жұмыс нәтижелері

Жыл қорытындысы бойынша жас мамандардың бейімделу үдерісі табысты өткендігі анықталды. Жас педагогтерге қажетті әдістемелік және психологиялық қолдау көрсетіліп, бұл келесі нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етті:

- кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасуына;
- сабақтарды жоспарлау және өткізу дағдыларының дамуына;
- оқыту сапасының артуына;
- кәсіби өсуге және өзін-өзі білімдендіруге деген ынтаның күшеюіне;

- мектептің педагогикалық ұжымына табысты кірігуіне.

2025–2026 оқу жылында жас педагогтермен жүргізілген жұмыс жүйелі және тәжірибеге бағытталған сипатта болды. Жүзеге асырылған іс-шаралар жас мамандардың табысты бейімделуін қамтамасыз етуге, олардың кәсіби даярлық деңгейін арттыруға және одан әрі кәсіби дамуына қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік берді.

Тәлімгерлік тәжірибесі өзінің тиімділігін көрсетті және келесі оқу жылында да жалғасын табатын болады.

VIII. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

34. Жасанды интеллектті енгізу жөніндегі топтың жұмысы

Жұмыс тобының қызметі 2025–2026 оқу жылының бірінші жартыжылдығына арналған жасанды интеллектті енгізу және пайдалану жөніндегі бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылды. Жұмыс тобының жетекшісі болып директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары М.С. Өмірханова тағайындалды.

Топ құрамына мектеп-интернат әкімшілігінің өкілдері, педагогикалық ұжым мүшелері, оқу-көмекші қызмет қызметкерлері және тәрбиешілер енгізілді. Жалпы саны 40 педагог қызметкер мен мектеп қызметкері ақпараттық жүйелер мен жасанды интеллектті қолданудың Этикалық стандартымен танысып, оның талаптарын сақтауға дайын екендіктерін растады.

Жұмыс тобы қызметінің негізгі бағыттары

Бағыт	Жұмыс мазмұны
Ұйымдастыру жұмысы	Жұмыс тобын құру, жасанды интеллектті енгізудің мақсаттары мен міндеттерін айқындау
Әдістемелік жұмыс	Ұсынымдар, консультациялар және оқыту материалдарын әзірлеу
Педагогтерді оқыту	Жасанды интеллектті пайдалану бойынша семинарлар мен практикалық сабақтар өткізу
Мониторинг	Оқу-тәрбие үдерісінде жасанды интеллектті қолдану тиімділігін талдау
Ақпараттық қолдау	Жасанды интеллект құралдары мен цифрлық платформалар базасын қалыптастыру
Талдау қызметі	Жасанды интеллектті одан әрі енгізу бойынша есептер мен ұсынымдар дайындау

Іс-шаралар жоспарын іске асыру

Іс-шара	Нәтиже
Педагогтердің жасанды интеллектті пайдалануға дайындығын бағалау	Педагогтердің цифрлық құзыреттілік деңгейіне мониторинг жүргізілді

Жасанды интеллектті енгізудің мақсаттары мен міндеттерін айқындау	Қызметтің негізгі бағыттары әзірленді
Жасанды интеллект құралдары мен цифрлық платформалар базасын құру	Ұсынылатын сервистердің тізбесі қалыптастырылды
Жасанды интеллектті тәрбие жұмысында пайдалану	Іс-шаралардың сценарийлері, викториналар мен презентациялар дайындалды
Жасанды интеллектті пайдалану тиімділігін талдау	Талдамалық анықтама дайындалды
Жасанды интеллектті пайдаланудың тәуекелдері мен мүмкіндіктерін талқылау	Педагогикалық кеңесте қарастырылды
Талдамалық есеп дайындау	Енгізудің бірінші кезеңінің қорытындылары шығарылды

«Білім берудегі жасанды интеллект: мүмкіндіктері мен тәуекелдері» атты оқыту семинары

2025 жылғы қазан айында педагогикалық ұжым үшін әдістемелік бірлестіктер отырыстары аясында оқыту семинарларының циклі өткізілді. Семинардың мақсаты педагогтердің жасанды интеллектті пайдалану саласындағы базалық құзыреттіліктерін қалыптастыру, цифрлық сауаттылық деңгейін арттыру және жасанды интеллектті білім беру үдерісіне енгізу мүмкіндіктерін зерделеу болды.

Семинар аясында келесі тақырыптар қарастырылды:

Әдістемелік бірлестік	Тақырыбы
Бастауыш сыныптар әдістемелік бірлестігі	Бастауыш мектептегі жасанды интеллект: тапсырмалар әзірлеу, дамытушы ойындар құрастыру және оқу материалын визуализациялау
Қоғамдық-гуманитарлық цикл әдістемелік бірлестігі	Жазбаша жұмыстарды тексеру және мәтіндерді талдау барысында жасанды интеллектті пайдалану
Жаратылыстану-математикалық цикл әдістемелік бірлестігі	Есептер шығару, графиктер құру және виртуалды зертханаларды пайдалану
Тәрбиешілер мен оқу-көмекші қызмет әдістемелік бірлестігі	Іс-шаралар сценарийлерін, викториналар мен презентацияларды әзірлеу
Көркем-эстетикалық цикл әдістемелік бірлестігі	Бейнелерді, музыканы және цифрлық жобаларды генерациялау

Дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі	Педагогикалық қызметте жасанды интеллектті қолданудың мүмкіндіктері мен тәуекелдері
---	---

Жасанды интеллектті енгізудің практикалық нәтижелері

Жұмыс барысында педагогтер заманауи жасанды интеллект құралдарын келесі бағыттарда пайдалануды меңгерді:

- сабақ және тәрбие сағаттарының жоспар-конспектілерін дайындау;
- дидактикалық материалдар әзірлеу;
- презентациялар мен көрнекі құралдар жасау;
- тест тапсырмалары мен викториналар құрастыру;
- оқу материалдарын талдау;
- әдістемелік ұсынымдар дайындау;
- сабақтан тыс және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру.

Жасанды интеллект жөніндегі жұмыс тобы қызметінің қорытындылары

- педагогтердің жасанды интеллектті қолдану саласындағы базалық құзыреттіліктері қалыптастырылды;
- педагогтердің 100%-ы жасанды интеллектті қауіпсіз әрі этикалық тұрғыда пайдалану қағидаларымен таныстырылды;
- білім беру қызметіне арналған цифрлық құралдар базасы құрылды;
- әдістемелік материалдар мен цифрлық ресурстар банкі қалыптастырылды;
- оқу-тәрбие үдерісінде жасанды интеллектті қолданудың ең тиімді тәжірибелері айқындалды;
- аталған бағытты одан әрі дамыту бойынша ұсынымдар әзірленді.

Қорытынды

Жасанды интеллектті енгізу жөніндегі жұмыс тобын құру және оның қызметі 2025–2026 оқу жылындағы мектептің маңызды инновациялық бағыттарының бірі болды. Жүзеге асырылған іс-шаралар педагогтердің цифрлық мәдениетін дамытуға, оқу материалдарын дайындау сапасын арттыруға және білім беру үдерісіне заманауи технологияларды енгізуге ықпал етті.

Қол жеткізілген нәтижелер 2026–2027 оқу жылында мектепте жасанды интеллектті қолдану тәжірибесін одан әрі кеңейтуге негіз қалайды.

35. Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану

2025–2026 оқу жылында білім беру үдерісін дамытудың басым бағыттарының бірі оқыту сапасын арттыруға, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға және педагогтердің кәсіби қызметін

жетілдіруге бағытталған цифрлық білім беру ресурстарын (ЦБР) белсенді енгізу және пайдалану болды.

Цифрлық технологиялар оқу сабақтарында, сабақтан тыс іс-шараларда, сондай-ақ мектепшілік басқару мен білім сапасын мониторингілеу жүйесінде кеңінен қолданылды.

Оқу жылы барысында мектеп педагогтері BilimClass электрондық платформасын, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің цифрлық білім беру ресурстарын, оқу материалдарын әзірлеуге арналған интерактивті сервистерді, электрондық презентацияларды, кері байланыс пен білімді бақылауды ұйымдастыруға арналған онлайн платформаларды, сондай-ақ заманауи жасанды интеллект құралдарын белсенді пайдаланды.

Педагогтер мен білім алушылардың цифрлық құзыреттіліктерін дамытуға, сондай-ақ қауіпсіз цифрлық білім беру ортасын қалыптастыруға ерекше назар аударылды.

Мектепте пайдаланылатын негізгі цифрлық білім беру ресурстары

Цифрлық ресурс	Пайдалану бағыты
BilimClass	Электрондық журнал жүргізу, үлгерімді мониторингілеу, бағалау жұмыстарын ұйымдастыру
Canva	Презентациялар мен көрнекі материалдар әзірлеу
Padlet	Интерактивті тақталар құру, білім алушылардың бірлескен жұмысын ұйымдастыру
GigaChat	Оқу материалдары мен тапсырмаларды дайындау
YandexGPT	Мәтіндер, тест тапсырмалары және әдістемелік материалдар әзірлеу
Kandinsky / Шедеврум	Иллюстрациялар мен визуалды контент жасау
Perplexity	Жобалық жұмыстарға арналған ақпаратты іздеу және өңдеу

Педагогтердің цифрлық ресурстарды пайдалану көрсеткіштері

Көрсеткіш	Нәтиже
Цифрлық және жасанды интеллект құралдарын пайдаланатын педагогтер саны	31
Цифрлық технологияларды пайдаланатын педагогтердің үлесі	76 %
Цифрлық ресурстарды қолдану арқылы өткізілген сабақтар саны	187
Цифрлық ресурстарды қолдану арқылы өткізілген тәрбиелік іс-шаралар саны	41
Цифрлық құралдарды пайдалану арқылы тексерілген оқу жұмыстарының саны	212
Цифрлық технологияларды пайдалану арқылы дайындалған оқушылар жобаларының саны	23

Цифрлық технологияларды қолданудың негізгі бағыттары

Білім беру үдерісінде цифрлық ресурстар келесі бағыттар бойынша пайдаланылды:

- оқу және әдістемелік материалдарды дайындау;
- қалыптастырушы және жиынтық бағалауды ұйымдастыру;
- оқу материалдарын визуализациялау;
- интерактивті сабақтар өткізу;
- оқушылардың жобалық және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- тәрбиелік іс-шараларды дайындау;
- білім алушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу;
- педагогтер, оқушылар және ата-аналар арасындағы қашықтан өзара байланыс орнату.

Бағыт	Пайдалану үлесі
Сабақтарға дайындалу және оқу материалдарын әзірлеу	68 %
Визуалды контент жасау	35 %
Оқу жұмыстарын тексеру	22 %
Тәрбие жұмысы	18 %
Оқушылардың жобалық қызметі	12 %

Цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланудың нәтижелері

Мониторинг нәтижелері цифрлық технологиялардың білім беру үдерісінің сапасына оң әсер еткенін көрсетті.

Цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланудың тиімділігі

Көрсеткіш	Нәтиже
Сабақтарға дайындалуға кететін уақытты үнемдеу	30–40 %-ға дейін
Дидактикалық материалдардың алуан түрлілігінің артуы	Педагогтердің 82 %-ы атап өтті
Білім алушылардың оқу үдерісіне қызығушылығы мен белсенділігінің артуы	Педагогтердің 67 %-ы атап өтті
Күнделікті қайталанатын жұмыстарды автоматтандыру	Педагогтердің 74 %-ы атап өтті
Жобалық жұмыстар сапасының артуы	Мектепшілік байқаулардың педагогтері мен қазылар алқасы тарапынан атап өтілді

Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану білім алушылардың оқу мотивациясын арттыруға, зерттеушілік дағдыларын дамытуға, оқу материалдарын көрнекі түрде ұсынуды жақсартуға және педагогтердің кәсіби қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал етті. Педагогтер интерактивті тапсырмалар әзірлеу, кері байланыс ұйымдастыру және оқытуды дараландыру мақсатында заманауи цифрлық құралдарды белсенді пайдаланды.

Қорытындылар

2025–2026 оқу жылында цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану мектептің білім беру үдерісінің ажырамас бөлігіне айналды. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын енгізу оқыту мүмкіндіктерін кеңейтуге, оқу материалдарын дайындау сапасын арттыруға, білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыруға және білім алушылар мен педагогтердің цифрлық сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Бұл бағыттағы жұмыс 2026–2027 оқу жылында да жалғасып, цифрлық білім беру ортасын одан әрі дамытуға және заманауи білім беру технологияларын қолдану тәжірибесін кеңейтуге басымдық берілетін болады.

36. Мектептің цифрлық білім беру ортасын дамыту

2025–2026 оқу жылында цифрлық білім беру ортасын дамыту мектеп қызметінің басым бағыттарының бірі болды және Қазақстан Республикасында білім беруді цифрландыру жөніндегі мемлекеттік саясатқа сәйкес жүзеге асырылды.

Жұмыстың негізгі мақсаты – цифрлық ресурстардың қолжетімділігін қамтамасыз ететін, білім беру сапасын арттыруға, педагогтер мен білім алушылардың цифрлық сауаттылығын дамытуға, сондай-ақ оқу-тәрбие үдерісіне инновациялық технологияларды енгізуге мүмкіндік беретін заманауи білім беру ортасын қалыптастыру болды.

Оқу жылы бойы мектептің цифрлық инфрақұрылымының жұмыс істеуі мен жетілдірілуі қамтамасыз етілді. Білім беру үдерісінде білім алушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізуге, білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара әрекеттесуін ұйымдастыруға және педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін электрондық білім беру платформалары, цифрлық ресурстар мен ақпараттық жүйелер белсенді қолданылды.

Цифрлық білім беру ортасын дамытудың негізгі бағыттары

Бағыт	Іске асырылған іс-шаралар
Басқаруды цифрландыру	Үлгерімге мониторинг жүргізу және құжаттаманы жүргізу үшін BilimClass жүйесін пайдалану
Оқытуды цифрландыру	Цифрлық білім беру ресурстары мен онлайн-сервистерді қолдану
Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту	Цифрлық платформалар мен жасанды интеллект құралдарын пайдалану бойынша оқыту жұмыстарын жүргізу
Білім алушылардың цифрлық сауаттылығын дамыту	Сабақтарда және сабақтан тыс іс-шараларда цифрлық ресурстарды пайдалану
Жасанды интеллектті енгізу	Мектептің жасанды интеллектті енгізу жөніндегі жұмыс тобының қызметі
Цифрлық контент жасау	Презентациялар, интерактивті тапсырмалар және оқу материалдарын әзірлеу

Ақпараттық жүйелерді пайдалану

Цифрлық білім беру ортасының маңызды элементтерінің бірі BilimClass автоматтандырылған ақпараттық жүйесі болды. Аталған жүйе арқылы:

- электрондық журналдар жүргізілді;
- үлгерім мен білім сапасына мониторинг жүргізілді;
- оқушылардың сабаққа қатысуы бақыланды;
- БЖБ және ТЖБ нәтижелеріне талдау жасалды;
- педагогтер, білім алушылар және ата-аналар арасындағы өзара байланыс қамтамасыз етілді;
- білім беру нәтижелері бойынша талдамалық материалдар қалыптастырылды.

Электрондық журналдарды жүргізуге мониторинг мектепшілік бақылау аясында ай сайын жүргізіліп отырды. Бұл мәліметтердің уақытылы енгізілуін қамтамасыз етіп, білім беру нәтижелерін бағалаудың объективтілігін арттыруға мүмкіндік берді.

Педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін дамыту

Оқу жылы бойы педагог қызметкерлер заманауи цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын белсенді меңгерді. Педагогтер үшін:

- оқыту семинарлары;
- цифрлық платформаларды пайдалану бойынша практикалық сабақтар;
- электрондық білім беру ресурстарымен жұмыс істеу бойынша консультациялар;
- білім беру үдерісінде жасанды интеллектті қолдану жөніндегі әдістемелік іс-шаралар ұйымдастырылды.

Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша педагогтердің 76%-ы өздерінің кәсіби қызметінде цифрлық және жасанды интеллект құралдарын пайдаланды.

Цифрлық ортаны дамыту көрсеткіштері

Көрсеткіш	Нәтиже
Цифрлық технологияларды пайдаланатын педагогтердің үлесі	76 %
Жасанды интеллект құралдарын пайдаланатын педагогтер саны	42 адам
Цифрлық технологияларды қолдану арқылы өткізілген сабақтар саны	187
Цифрлық ресурстарды пайдалану арқылы өткізілген тәрбиелік іс-шаралар саны	41
Цифрлық технологияларды пайдалану арқылы орындалған оқушылар жобаларының саны	23
Әзірленген цифрлық және әдістемелік материалдар саны	500-ден астам

Жасанды интеллектті цифрлық ортаның құрамдас бөлігі ретінде енгізу

Мектептің цифрлық білім беру ортасын дамыту аясында жасанды интеллектті енгізу жөніндегі жұмыс тобы құрылды. Оқу жылы ішінде 42 цифрлық сервис пен жасанды интеллект құралының базасы қалыптастырылып, педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар әзірленді, оқыту іс-шаралары ұйымдастырылды және жасанды интеллект құралдарын оқу және тәрбие жұмысына енгізу бойынша апробация жүргізілді.

Ең көп қолданылған цифрлық сервистер:

Цифрлық сервис	Пайдалану бағыты
GigaChat	Оқу материалдарын дайындау
YandexGPT	Мәтіндер мен тапсырмаларды генерациялау
Canva	Презентациялар әзірлеу
Kandinsky / Шедеврум	Бейнелер жасау
Padlet	Оқушылардың бірлескен жұмысын ұйымдастыру
Perplexity	Ақпаратты іздеу және талдау

Цифрлық білім беру ортасын дамыту нәтижелері

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде:

- мектептің цифрлық білім беру ортасының тұрақты жұмыс істеуі қамтамасыз етілді;
- педагогтер мен білім алушылардың цифрлық сауаттылық деңгейі артты;
- заманауи білім беру технологияларын пайдалану мүмкіндіктері кеңейді;
- оқу материалдарын дайындау сапасы жақсарды;
- мектепшілік мониторинг пен білім сапасын басқарудың тиімділігі артты;
- білім беру үдерісіне инновациялық цифрлық шешімдерді одан әрі енгізуге қолайлы жағдай жасалды.

Қорытындылар

2025–2026 оқу жылында цифрлық білім беру ортасын дамыту білім беру үдерісін жаңғыртуға, педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыруға және білім беру қатынастарының барлық қатысушыларының цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етті.

Іске асырылған іс-шаралар цифрлық технологияларды мектептің оқу, тәрбие және басқару қызметіне тиімді кіріктіруге мүмкіндік беріп, 2026–2027 оқу жылында білім беруді цифрлық трансформациялауды одан әрі дамытуға берік негіз қалады.

IX. ОҚУ-МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР

38. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету, қауіпсіздік және қолжетімді білім беру ортасын құру

«Жұлдыз» облыстық санаторлық типтегі мектеп-интернаты» КММ білім алушыларды оқыту, тұрғылықты орналастыру, сауықтыру және олардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету үшін қажетті материалдық-техникалық базаға ие.

Оқу үдерісі заманауи жиһаздармен, оқытудың техникалық құралдарымен, оқу-зертханалық жабдықтармен және цифрлық білім беру ресурстарымен жабдықталған мамандандырылған оқу кабинеттерінде жүзеге асырылады.

Материалдық-техникалық базаның жалпы сипаттамасы

Көрсеткіш	Мәні
Оқу кабинеттерінің саны	19
Компьютерлік сынып	1
Лингафон кабинеті	1
Мәжіліс залы	1
Би залы	1
Жаттығу залы	1
Интернет жылдамдығы	38 Мбит/с

Оқытудың техникалық құралдарымен жабдықталуы

Жабдық атауы	Саны
Интерактивті панельдер	12
Интерактивті тақталар	3
Проекторлар	7
Компьютерлер (барлығы)	78
Жұмысқа жарамды компьютерлер	64
Интернет желісіне қосылған компьютерлер	64
Оқу үдерісінде пайдаланылатын компьютерлер	56
Білім алушыларға арналған компьютерлер	47
Интернетке қосылған білім алушыларға арналған компьютерлер	47
Кітапханадағы компьютер	1

Заманауи цифрлық технологияларды пайдалану білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыруға, оқытудың интерактивті әдістерін қолдануға және білім алушылардың цифрлық білім беру ресурстарына қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мамандандырылған оқу кабинеттері

Кабинет	Жабдықталуы
Физика және химия кабинеті	Зертханалық жабдықтар, интерактивті панель, мультимедиялық кешен
Биология кабинеті	Интерактивті панель, микроскоптар, зертханалық жабдықтар

География кабинеті	Интерактивті панель, мультимедиялық жабдықтар
Тарих кабинеті	Интерактивті панель, компьютер
Математика кабинеті	Интерактивті панель, мультимедиялық жабдықтар
Орыс тілі кабинеті	Интерактивті панель, мультимедиялық жабдықтар
Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті	Интерактивті панель, компьютер
Алғашқы әскери және технологиялық дайындық кабинеті	Оқу-көрнекілік құралдар, стендтер
Технология кабинеті (қыздар)	Тігін машиналары, оверлок, асүй жабдықтары
Технология кабинеті (ұлдар)	Верстактар, станоктар, құрал-саймандар
Мультимедиялық кабинет	17 компьютер, проектор, интерактивті тақта
Лингафон кабинеті	Оқушыларға арналған 16 ноутбук, интерактивті тақта, бағдарламалық қамтамасыз ету

Жиһазбен қамтамасыз етілуі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығының талаптарына сәйкес білім алушылар жас ерекшеліктері мен санитарлық талаптарға сай келетін жиһаздармен қамтамасыз етілген.

Атауы	Саны
Білім алушыларға арналған жеке шкафтар	120
Оқушы парталары мен үстелдері	Кабинеттердің толымдылығына сәйкес
Оқушы орындықтары	Кабинеттердің толымдылығына сәйкес
Педагогтердің жұмыс орындары	Барлық оқу кабинеттерінде

Қолжетімді білім беру ортасын құру

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін мектеп инфрақұрылымы нысандарына кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ететін жағдайлар жасалған.

Қолжетімді орта элементі	Бар болуы
Пандус	Бар
Қызметкерлерді шақыру түймесі	Бар
Бейімделген санитарлық тораптар	Бар
Тұтқалар (қолтіректер)	Орнатылған
Кеңейтілген есік ойықтары	Бар

Санитариялық-гигиеналық жағдайлар

Көрсеткіш	Саны
Санитариялық тораптар	44
Унитаздар	44
Қолжуғыш раковиналар	40
Қол кептіргіш электр құрылғылары	Орнатылған
Ауызсу кулерлері	Оқу және жатын корпустарының әр қабатында 2 данадан орнатылған

Санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы мектеп әкімшілігі мен медициналық қызметтің тұрақты бақылауында болады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Білім алушылар мен қызметкерлердің мектепте қауіпсіз болуын қамтамасыз ету мақсатында заманауи қауіпсіздік жүйелері жұмыс істейді.

Көрсеткіш	Саны
Бейнекамералардың жалпы саны	56
Сыртқы бейнекамералар	10
Ішкі бейнекамералар	46
Бейнеархивтің сақталу мерзімі	30 күн және одан көп
Автоматты өрт дабылы жүйесі	Бар
Автоматты өрт дабылы жүйесіне қызмет көрсету туралы шарт	Жасалған

Бейнебақылау жүйесі Бурабай ауданының Жедел басқару орталығымен біріктірілген. Өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқамалар мен білім алушылар мен қызметкерлерді эвакуациялау бойынша оқу-жаттығулар тұрақты түрде өткізіліп отырады.

Қорытындылар

Мектептің материалдық-техникалық базасы Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді және білім беру бағдарламаларын іске асыруға, тәрбие жұмысын ұйымдастыруға, білім алушыларды сауықтыруға және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қажетті жағдайларды толық қамтамасыз етеді.

Заманауи жабдықтардың, цифрлық инфрақұрылымның, мамандандырылған кабинеттердің және қолжетімді орта элементтерінің болуы білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыруға және білім беру қатынастарының барлық қатысушылары үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

39. Медициналық қызметтің болуы туралы мәліметтер

Ақмола облысы білім басқармасының «Жұлдыз» санаторлық типтегі облыстық орта мектеп-интернаты» КММ-де білім алушыларға медициналық қызмет көрсету 2012 жылғы 21 қыркүйектегі №12011987 медициналық қызметпен айналысу лицензиясы негізінде жүзеге асырылады.

Медициналық қызметтің негізгі бағыты тәуекел тобына жататын балалар мен жасөспірімдер арасында туберкулездің дамуының алдын алуға, иммунитетті нығайтуға, аурулардың профилактикасына және білім алушылардың денсаулығын сақтауға бағытталған емдеу-алдын алу және сауықтыру шараларын жүргізу болып табылады.

Мектеп-интернат жағдайында облыстық және аудандық фтизиатрлардың тағайындауы бойынша химиопрофилактика жүргізіледі.

Медициналық қызметтің кадрлық қамтамасыз етілуі

Қызметкерлер санаты	Саны
Педиатр-дәрігерлер	2
Дәрігер-стоматолог	1
Мейіргерлер	18
Барлық медицина қызметкерлері	21

Барлық медицина қызметкерлерінің қолданыстағы маман сертификаттары бар. Жоғары біліктілік санатына 1 дәрігер мен 12 мейіргер ие, ал екінші біліктілік санатына 3 мейіргер ие.

Медициналық қызмет бекітілген жұмыс жоспарларына сәйкес қызмет атқарады. Оның құрамына емдеу-алдын алу іс-шараларын ұйымдастыру, мектептің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайын бақылау, білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыру, жұқпалы аурулардың алдын алу және санитариялық-ағарту жұмыстарын жүргізу кіреді.

Атауы	Ауданы	Негізгі мақсаты
Педиатр дәрігер кабинеті	22,7 м ²	Қарау, бақылау, ем тағайындау
Физиотерапиялық кабинет №1	73,1 м ²	Физиотерапиялық ем-шараларды жүргізу
Физиотерапиялық кабинет №2	12,6 м ²	Физиотерапиялық ем-шараларды жүргізу
Парафинмен емдеу кабинеті	65,9 м ²	Парафин және озокеритпен емдеу
Массаж кабинеттері (2)	11,6 м ² және 14,8 м ²	Емдік массаж жүргізу
Стоматологиялық кабинеттер (2)	47,1 м ²	Терапиялық және хирургиялық стоматологиялық көмек көрсету
Клиникалық-диагностикалық зертхана	34 м ²	Зертханалық зерттеулер жүргізу
Зертханалық қабылдау кабинеті	12 м ²	Талдамалар алу және оларды зерттеуге дайындау
Жатын корпустың медициналық кабинеттер (3)	14,2 м ² ; 13,6 м ² ; 14,2 м ²	Шұғыл медициналық көмек көрсету және дәрігер тағайындауларын орындау

Медициналық қызметтің жабдыкталуы

Медициналық кабинеттер қажетті диагностикалық, емдеу және физиотерапиялық жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Медициналық қызметтің қарамағында:

- бой өлшеуіштер, электрондық таразылар, тонометрлер;
- бактерицидтік сәулелендіргіштер мен ауа рециркуляторлары;
- небулайзерлер;
- УЖЖ (УВЧ), электрофорез және ультрадыбыстық терапия аппараттары;
- «Биоптрон» аппараты;
- стоматологиялық қондырғылар;
- зертханалық жабдықтар (микроскоптар, термостаттар, центрифуга, фотоколориметр);
- дәрілік заттар мен биоматериалдарды сақтауға арналған тоңазытқыш жабдықтары бар.

Негізгі емдеу-алдын алу іс-шаралары

Оқу жылы бойы медициналық қызмет тарапынан:

- білім алушылардың денсаулық жағдайына күнделікті бақылау жүргізіледі;
- балалардың дене дамуы қадағаланады;
- профилактикалық тексерулер ұйымдастырылады;
- тамақтануды ұйымдастыруға бақылау жасалады;
- санитариялық-ағарту жұмыстары жүргізіледі;
- жұқпалы аурулардың алдын алу шаралары жүзеге асырылады;
- физиотерапиялық ем-шаралар өткізіледі;
- емдік массаж жүргізіледі;
- стоматологиялық көмек көрсетіледі;
- дәрігер тағайындауы бойынша зертханалық зерттеулер жүргізіледі.

Суық тию және созылмалы аурулардың алдын алу мақсатында қосымша сауықтыру іс-шаралары ұйымдастырылып, олардың құрамына физиотерапиялық ем-шаралар, парафинмен емдеу, ультракүлгін сәулемен емдеу, электрофорез және қалпына келтіру емінің басқа да түрлері енгізілген.

Қорытындылар

Мектеп-интернаттың медициналық қызметі білім беру үдерісі мен білім алушыларды сауықтыру жұмыстарын толық көлемде емдеу-алдын алу сүйемелдеуімен қамтамасыз етеді. Медициналық қызметтің кадрлық құрамы, материалдық-техникалық жабдыкталуы және жұмысты ұйымдастыру деңгейі профилактикалық, диагностикалық және емдеу шараларын уақытылы жүргізуге, санитариялық-эпидемиологиялық қолайлы жағдайды қамтамасыз етуге және білім алушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға мүмкіндік береді.

40. Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру нысанының болуы туралы мәліметтер

Ақмола облысы білім басқармасының «Жұлдыз» санаторлық типтегі облыстық орта мектеп-интернаты» КММ-де санитариялық-

эпидемиологиялық талаптар мен балаларды ұтымды тамақтандыру нормаларына сәйкес білім алушыларды бес мезгіл теңгерімді және дәрумендендірілген тамақпен қамтамасыз ететін ас блогы жұмыс істейді.

Тамақтандыруды ұйымдастыру үшін мектепте:

- аспаздар – 3 адам;
- диеталық мейіргер – 1 адам;
- қоймашы – 1 адам;
- ас үй жұмысшылары – 2 адам қызмет атқарады.

Диеталық мейіргер білім алушылардың жас ерекшеліктерін, тәуліктік калориялық нормаларды және санитариялық қағидалардың талаптарын ескере отырып перспективалық мәзір әзірлейді. Тамақтандыру бекітілген перспективалық мәзір, технологиялық карталар және күнделікті мәзір-жайма негізінде ұйымдастырылады. Дайын тағамдарды С дәруменімен байыту жүргізіліп, қажетті есептік құжаттама толтырылады.

Күн сайын мәзір-жайма, өнімдердің шығысы, қоймаға талапнама және тамақтану құнының калькуляциясы рәсімделіп, бекітіледі. Құжаттар мектеп басшысымен, бас бухгалтермен, қоймашымен, диеталық мейіргермен және аспазбен келісіліп бекітіледі.

Тамақтандыруды ұйымдастыруға бақылау мектеп директорының бұйрығымен құрылған бракераж комиссиясы тарапынан тұрақты түрде жүзеге асырылады. Комиссия құрамына Қамқоршылық кеңестің өкілі де кіреді.

Бақылау барысында:

- азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі;
- тағамдарды дайындау технологиясының сақталуы;
- өнімдерді өткізу мерзімдері;
- сақтау жағдайлары;
- ас блогының санитариялық жағдайы;
- қызметкерлердің жеке гигиена талаптарын сақтауы;
- тәуліктік сынамалардың болуы;
- дайын өнімнің бекітілген мәзірге сәйкестігі тексеріледі.

Өндірістік бақылауды қамтамасыз ету мақсатында келесі міндетті есепке алу журналдары жүргізіледі:

- дайын өнімнің бракераж журналы;
- азық-түлік өнімдерін қабылдау журналы;
- ас блогы қызметкерлерінің денсаулық журналы;
- жалпы тазалау жұмыстарының журналы;
- үй-жайларды кварцтау журналы;
- тоңазытқыш жабдықтарының температуралық режимін бақылау журналы;
- гигрометр көрсеткіштерін есепке алу журналы;
- тез бұзылатын өнімдерді есепке алу журналы.

Өндірістік бақылау бағдарламасына сәйкес тоқсан сайын ауыз су сапасына, санитариялық жағдай бойынша шайынды сынамаларына, дайын өнім мен шикізаттың тәуліктік сынамаларына, сондай-ақ дайын тағамдарға бактериологиялық зерттеулер жүргізіледі.

Тәуліктік сынама-ларды сақтау үшін жеке тоңазытқыш жабдықталған. Тәуліктік сынама-лар қолданыстағы санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес 48 сағат бойы сақталады.

Мектеп-интернаттағы тамақтандыруды ұйымдастыру санитариялық қағидалар мен нормалардың талаптарына толық сәйкес келеді, білім алушылардың қауіпсіз әрі сапалы тамақтануын қамтамасыз етеді және тұрақты бақылауда болады.

41. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Ақмола облысы білім басқармасының «Жұлдыз» санаторлық типтегі облыстық орта мектеп-интернаты» КММ-де білім беру үдерісінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға қажетті жағдайлар жасалған.

Оқу қызметін ұйымдастыру мақсатында 17 компьютермен жабдықталған 1 компьютерлік сынып (мультимедиялық кабинет) жұмыс істейді. Оқу кабинеттері мен мәжіліс залында 12 интерактивті панель, 3 интерактивті тақта және 7 проектор орнатылған. Педагогтер үшін интернет желісіне қосылған жұмыс орындары жабдықталған. Мектепте интернетке қосылған компьютері бар Е-мұғалімдер бөлмесі мен кітапхана жұмыс істейді.

Компьютерлік техниканың жалпы саны 78 компьютерді құрайды. Оның ішінде 64 компьютер жұмыс жағдайында және интернет желісіне қосылған. Білім беру үдерісінде 56 компьютер пайдаланылады, оның ішінде 47 компьютер білім алушылардың пайдалануына арналған және интернет желісіне қосылған.

Кітапхана қоры

Мектеп кітапханасы мектептің маңызды ақпараттық-білім беру орталығы болып табылады және оқу үдерісін қажетті оқу, әдістемелік, көркем және анықтамалық әдебиеттермен қамтамасыз етеді.

Кітапхана жалпы ауданы 44,9 шаршы метрді құрайтын жеке бөлмеде орналасқан және екі функционалдық бөлімнен тұрады. Кітапханада білім алушылар мен педагогтердің өздігінен жұмыс істеуіне жағдай жасалған, электрондық ресурстар мен интернет желісіне қолжетімділік қамтамасыз етілген.

Жалпы кітапхана қоры 35 733 дананы құрайды, оның ішінде:

Әдебиет түрі	Дана саны
Жалпы кітапхана қоры	35 733
Көркем әдебиет	10 821
Мемлекеттік тілдегі көркем әдебиет	3 836
Оқулықтар мен оқу құралдары	18 895
Мемлекеттік тілдегі оқулықтар	9 363
Ағылшын тіліндегі әдебиеттер	1 817
Электрондық басылымдар	837
Карталар, сызбалар және диаграммалар	568

Барлық білім алушылар оқулықтармен толық қамтамасыз етілген, ал педагог қызметкерлер қажетті оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтылған.

Кітапхана қызметінің негізгі бағыттары

Кітапхана жұмысы келесі бағыттарға бағдарланған:

- білім беру үдерісін ақпараттық сүйемелдеу;
- білім алушылардың оқу сауаттылығын дамыту;
- пайдаланушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру;
- мемлекеттік тілдегі әдебиеттерді насихаттау;
- «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» және «Буккроссинг» жобаларын қолдау;
- кітапханалық сабақтарды, көрмелерді, әдеби іс-шаралар мен байқауларды ұйымдастыру.

Оқу жылы барысында кітап көрмелері, оқу сағаттары, кітапханалық сабақтар, оқулықтарды сақтау бойынша акциялар, «Жылдың үздік оқырманы», «Ең көп оқитын сынып» байқаулары, әдеби шолулар және Бірыңғай тәрбие бағдарламасы аясындағы түрлі іс-шаралар өткізілді.

Қорытындылар

Мектептің ақпараттық ресурстары мен кітапхана қоры білім беру бағдарламаларын іске асыруға, білім алушылардың оқу сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және зерттеушілік дағдыларын дамытуға қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.

Материалдық-техникалық жабдықталу деңгейі оқу-тәрбие үдерісінде цифрлық білім беру технологиялары мен заманауи оқыту құралдарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

X. ҚЫЗМЕТ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

42. 2025–2026 оқу жылындағы мектептің негізгі жетістіктері

2025–2026 оқу жылының қорытындысы бойынша Ақмола облысы білім басқармасының «Жұлдыз» санаторлық типтегі облыстық орта мектеп-интернаты» КММ білім беру, тәрбие беру, сауықтыру және білім алушыларды дамыту салаларында қойылған негізгі міндеттердің орындалуын қамтамасыз етті.

Мектептің негізгі жетістіктері төмендегідей:

Кадрлық әлеует

- білім беру үдерісін 56 педагог қызметкер қамтамасыз етті;
- 17 педагог аттестаттаудан өтті;
- педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бойынша жүйелі жұмыстар ұйымдастырылды;
- тәлімгерлік жүйесі арқылы жас мамандарды сүйемелдеу қамтамасыз етілді;
- заманауи білім беру технологиялары мен цифрлық құралдарды қолдану тәжірибесі кеңейтілді.

Оқу қызметі

- оқу жылының барлық тоқсандары бойынша білім алушылардың 100% үлгерімі қамтамасыз етілді;
- жұмыс оқу жоспары толық көлемде орындалды;
- білім беру бағдарламалары МЖМБС талаптарына сәйкес жүзеге асырылды;

- білім сапасын мониторингтеудің тиімді жүйесі ұйымдастырылды;
- жиынтық бағалаудың барлық түрлері нормативтік талаптарға сәйкес өткізілді;
- оқу мотивациясы төмен білім алушыларды сүйемелдеу жүйесі жүзеге асырылды.

Тәрбие қызметі

- «Адал азамат» Бірыңғай тәрбие бағдарламасының іске асырылуы қамтамасыз етілді;
- «Қамқор», «Шабыт», «Smart Bala», «Балалар кітапханасы» және басқа да жобалар табысты жүзеге асырылды;
- құқық бұзушылықтардың алдын алу және қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмыстар ұйымдастырылды;
- мектеп пен отбасының белсенді өзара іс-қимылы қамтамасыз етілді.

Әдістемелік қызмет

- әдістемелік бірлестіктердің, әдістемелік кеңестің және педагогикалық кеңестің жұмысы қамтамасыз етілді;
- барлық білім беру бағыттары бойынша пәндік онкүндіктер мен әдістемелік іс-шаралар өткізілді;
- әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың заманауи тәсілдері енгізілді;
- сабақтарға өзара қатысу және педагогикалық тәжірибе алмасу тәжірибесі кеңейтілді.

Инновациялық қызмет

- жасанды интеллектті енгізу жөніндегі жұмыс тобы құрылып, табысты жұмыс жүргізді;
- цифрлық білім беру ресурстары белсенді қолданылды;
- мектептің цифрлық білім беру ортасы дамытылды;
- білім беру үдерісінде цифрлық технологияларды қолданатын педагогтер саны артты.

Материалдық-техникалық база

- білім алушылардың оқуы мен тұруына қауіпсіз әрі қолайлы жағдайлар қамтамасыз етілді;
- лицензияланған медициналық қызмет жұмыс істейді;
- санитариялық талаптарға сәйкес бес мезгіл тамақтандыру ұйымдастырылды;
- цифрлық білім беру ресурстары мен интернет желісіне қолжетімділік қамтамасыз етілді;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуға жағдай жасалды.

43. Оқу жылының қорытындылары бойынша тұжырымдар

Мектеп қызметін талдау 2025–2026 оқу жылында педагогикалық ұжым білім беру қызметінің негізгі міндеттерін толық орындағанын көрсетті. Білім беру үдерісі тұрақты әрі ұйымдасқан түрде жүзеге асырылып, жұмыс оқу жоспары толық көлемде орындалды, оқу бағдарламалары мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес іске асырылды.

Білім алушылардың үлгерім көрсеткіші 100%-ды құрады, бағалаудың барлық түрлерін өткізу қамтамасыз етілді және білім сапасын мектепшілік бақылау жүйесі тиімді жүзеге асырылды. Әдістемелік жұмыс педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, инновациялық қызметті дамытуға және заманауи білім беру технологияларын енгізуге ықпал етті.

Қауіпсіз білім беру ортасын құруға, цифрлық инфрақұрылымды дамытуға, білім алушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға, «Адал азамат» Бірыңғай тәрбие бағдарламасын іске асыруға және білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінді.

Жалпы алғанда, мектептің 2025–2026 оқу жылындағы қызметі Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді және білім беру қызметтерінің сапалы көрсетілуін қамтамасыз етеді.

44. Проблемалық мәселелер және оларды шешу жолдары

Проблемалық мәселе	Шешу жолдары
ІІІ тоқсанда білім сапасының төмендеуі	Білім алушылармен жеке және түзету жұмыстарын күшейту
Кейбір оқушылардың оқу мотивациясы деңгейінің әрқелкі болуы	Психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін кеңейту
Білім алушылардың бір бөлігінің олимпиадалық қозғалысқа жеткіліксіз қатысуы	Тәлімгерлік жүйесін дамыту және зияткерлік байқауларға дайындық жұмыстарын күшейту
Педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін одан әрі дамыту қажеттілігі	Курстық даярлау мен тәжірибелік семинарларды жалғастыру
Материалдық-техникалық базаның жекелеген элементтерін жаңарту қажеттілігі	Кабинеттерді заманауи жабдықтармен кезең-кезеңімен жабдықтау
Ғимаратқа күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі	Нысанды жөндеу жұмыстарының перспективалық жоспарына енгізу

45. 2026–2027 оқу жылына арналған міндеттер

- Білім алушылардың білім сапасын арттыру және функционалдық сауаттылығын дамыту жұмыстарын жалғастыру.
- Білім беру сапасын мектепшілік бақылау жүйесін жетілдіру.
- Оқу мотивациясы төмен білім алушыларды сүйемелдеу жұмыстарын күшейту.
- Білім алушыларды олимпиадаларға, байқауларға және ғылыми-зерттеу қызметіне даярлау жұмыстарын жандандыру.
- Цифрлық білім беру технологиялары мен жасанды интеллект құралдарын енгізуді жалғастыру.
- Әдістемелік бірлестіктер мен әдістемелік кеңестің қызметін жетілдіру.
- Аттестаттау, біліктілікті арттыру курстары және өздігінен білім алу арқылы педагог кадрлардың кәсіби дамуын қамтамасыз ету.

- «Адал азамат» Бірыңғай тәрбие бағдарламасын іске асыруды жалғастыру.
- Ата-аналармен және әлеуметтік серіктестермен жұмыс жүйесін жетілдіру.
- Мектептің материалдық-техникалық базасы мен цифрлық білім беру ортасын одан әрі дамыту.
- Білім алушылардың денсаулығын сақтау және нығайту жұмыстарын жалғастыру.
- Мектептің инновациялық қызметінің тиімділігін арттыруға жағдай жасау.

Қорытынды

Жыл сайынғы бағалау нәтижелері бойынша Ақмола облысы білім басқармасының «Жұлдыз» осанаторлық типтегі облыстық орта мектеп-интернаты» КММ-нің 2025–2026 оқу жылындағы қызметі Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

Мектеп мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының іске асырылуын, білім беру бағдарламаларының орындалуын және білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу мен сауықтыру үшін қауіпсіз жағдайлардың жасалуын толық қамтамасыз етеді.